

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Құмкент ауылы

31.01.2025 жыл

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы,
Құмкент ауылы, Жылыбұлақ көшесі № 20 үй

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері:

телефоны 8 725 46 24 381

электрондық поштасы baldyrgan-2006@mail.ru

web-сайты <https://baldirgan.sozak-roo.edu.kz>

4) Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Бимырзаева Тансык Кабаковна

телефоны 8 7053984490 электрондық поштасы: aruzhansailaubek@mail.ru

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Қазақстан Республикасы

Әділет Министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің

Созақ ауданының Әділет басқармасы 04.09.2023 жылы берілген, БСН-

060640008146, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 09.06.2006 жыл №

060640008146. Жарғы Созақ ауданы әкімдігінің 22.05.2006 жылғы № 268

қаулысымен бекітілген.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы

қызметтің басталғаны 2006 жылдың 09 маусымы

1) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2022-2023 оқу жылы

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының оқу жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулап енгізіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) негізінде;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы

№499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) негізінде;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығымен Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік құжатты негізінде,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 143 бұйрығымен Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру жүйесінің үлгілік шарттары негізінде,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекетке қызметтер көрсету қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізді.

«Балдырған » бөбекжай – балабақшасының 2022 жылғы 01 қыркүйек № 1 педагогикалық кеңес отырысында бекітілген жылдық жоспар негізінде балалардың жас ерекшелігіне қарай 3 топ ұйымдастырылған, олар: 1-ересек топ, 1- ортаңғы топ, 1 – кіші топ.

Кіші жас тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің апталық оқу жүктемесі- 9 сағат, білім беру саласы 5 (бес) бағыт бойынша жасалынды.

Орта жас тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің апталық оқу жүктемесі - 11сағат, вариативтік компонент - 1 сағат, барлық сағат саны – 12,білім беру саласы 5(бес) бағыт бойынша негізделініп жасалынды.

Ересек топ ұйымдастырылған оқу қызметінің апталық оқу жүктемесі – 12 сағат, вариативтік компонент - 2 сағат, барлық сағат саны – 14,білім беру саласы 5(бес) бағыт бойынша негізделініп жасалынды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы және ересек топтарда вариативті компонент енгізілді. Апталық вариативтік компоненттің жалпы көлемі 3 – сағат:

Тобы	Вариативті компонент тақырыбы
«Балбөбек» ортаңғы топ	«Ертегілер елінде»
«Жұлдыз» ересек топ	«Ертегілер елінде» «Шебер қолдар»

Мақсаты: Тілдерді меңгерту арқылы баланы шығармашылық, танымдық-тілдік дамуын және мектепке дайындауда балалардың әлеуметтік тұлғалығын қамтамасыз ету.

Балабақша атынан ашылған инстаграмм парақша:

- <https://www.instagram.com/baldyrganbalabaqshasy?igsh=N2hlbndyeWI0MnM3>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы негізінде , Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқу жылының жұмысын жалғастырды.

Кіші жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті 5 (бес) білім беру дағдылары бойынша күн сайын және музыка аптасына 1 сағат, дене шынықтыру аптасына үш рет болып жасалынды.

Ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті 5(бес) білім беру дағдылары бойынша күн сайын және музыка аптасына бір рет, дене шынықтыру аптасына үш рет, қазақ тілі бір рет болып жасалынды.

Ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті 5(бес) білім беру дағдылары бойынша күн сайын және музыка аптасына бір рет, дене шынықтыру аптасына үш рет, қазақ тілі бір рет болып жасалынды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ересек және ортаңғы топқа вариативті компонент енгізілді.

Ұсынылған бағдарламалардың күнтізбелік жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат талаптарын ескере отырып құрылған.Жүктемелерінің максималдық көлемі сақталған.

2) 2022-2023 оқу жылында балабақшада төмендегі негізгі мақсаттар мен міндеттермен балабақшаның жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

Мақсаты: Балабақша мен отбасы. Үштік одақ. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектің құзіреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері: Балабақшада балалардың салауатты өмір салтын, зияткерлік қабілеттерін, жеке тұлғасын жан-жақты (физикалық, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдылар, шығармашылық дағдылар, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) дамыту.

Осы жылы алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруда алдын- ала жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар жасалынды.

4 педагогикалық кеңес жоспарланған:

№1 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру. Балабақшаның 2022 – 2023 оқу жылына дайындығы. Өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға аналитикалық талдауы.

Өткізілу формасы: Тақырыптық

№2 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінің деңгейін көтеруде жаңа технологиялардың рөлі.

Өткізілу формасы:Іскерлік ойын,идеялар

№3 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Ел болашағы –бүгінгі жас ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру. Балабақшадағы тәрбиеленушілерің бірыңғай білім беру және тәрбие кеңістігін құру және жанұяда балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту сұрақтарына байланысты тәжірибе алмасу. Үштік одақтың бірлесу позициясының дамуы және құрылу үрдісін зерттеу

Өткізу формасы:дөңгелек үстел

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Өткен оқу жылына талдама жасау. Қорытындылау.

Мақсаты: 2022 – 2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау

Өтілу түрі: Дөңгелек үстел, идеялар марафоны «Мен»

Оқу және әдістемелік басқарудың басты құралы педагогикалық кеңес болып табылады. Әр педагогикалық кеңесте күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша жұмыстың талдаулары оқылады және жұмысты жақсарту үшін міндеттер анықталады, өткен педагогикалық кеңес шешімдерін орындау туралы ақпарат тыңдалады. Балабақшаның әдістемелік қызметі педагогикалық ұжым мүшелеріне бағдарламаларды іске асыруға, жоспарлауға және әзірлеуге, педагогтің шығармашылық әлеуетін дамытуына ынталандыра отырып, инновацияларды сынақтан өткізуге қатысу мүмкүндігін береді. Бұл

балабақша ішкілік басқару жүйесінің бөлігі ретінде оқу үрдісінің үнемі өзіндік жетілдіру үшін оқу-тәрбие жұмысын түзеп отырады.

Балабақшаның барлық жүйеге келтіретін және педагогтің кәсіптік шеберлігін шындайтын жақсы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс. Оқыту және тәрбиелеу жолдарын шешетін оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері мен түрлерін үнемі тиімді пайдалану кезінде әдістемелік жұмыстың орны ерекше. Оқу – тәрбие үрдісінің деңгейін педагогтердің сұранысы мен талаптарын, оқыту материалдық қорының жағдайын ескере отырып, келесі әдістемелік тақырып таңдалып алынады.

Оқу – тәрбие процесінде жаңа педагогикалық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін қолдана отырып, балаларға тиімді де, нәтижелі білім беру, адамгершілік қасиетке бай бүлдіршін тәрбиелеу. Баланың танымын ынталандыру, ақыл – ой, шығармашылық қабілетін тілін дамытуда жұмыс түрлерін жүргізу. Ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың жеке белсенділігін дамыту.

Оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтерге ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қағидаларын ұстану ұсынылады.

Балабақшада «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес және «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) басшылыққа алынды.

Оқу жылында 5 әдістемелік кеңес жоспарланған:

1.Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі оқыту мен тәрбиелеу үрдісін реттеу. **Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

2. Тақырыбы: Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану **Өткізу түрі:** нұсқаулық-әдістемелік кеңес

3. Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында вариативті компонент жұмысының барысы туралы

Жүргізілу түрі: әдістемелік

4. Тақырыбы: Жаңа технологияларды педагогикалық процесте тиімді пайдалану

Өткізілу түрі: дөңгелек үстел

5. Тақырыбы: Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту. Критериалды көзқарас негізінде

педагогтердің жұмысын ұйымдастыру, өзін – өзі бағалауы

Өткізу түрі: әдістемелік диалог

Оқу жылында 3 рет Психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі

1.Тақырыбы: Балаларды ұйымға қабылдау және олардың дамуындағы проблемаларды анықтау.

2.Тақырыбы: Жарты жылдықта бір реттен кем емес өткізу ұсынылады.

3.Тақырыбы: Түзету жұмыстарының қорытындысы

Оқу жылында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы

1.Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»

2. Тақырыбы: Бала-біздің болашағымыз

Оқу жылында әдіскердің айлық, апталық циклограммасы жасалып отырды.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру дағдыларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда. Физикалық қасиеттер, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, сонымен бірге креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыруда. Балабақшаның тәрбие мен оқыту жұмысында ең бірінші «Коммуникативтік» тілдік ойындар, дамытушы ойындар, мнемотехника, оқытудың ақпараттық технологиялары және М. Монтессори технологиясының элементтері, ой тастау, ой қозғау әдістері және логикалық ойындарды пайдалана отырып миға шабуыл әдістерін іске асыру, бала үнін тыңдау, баланың тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытудың алғы шарттарын қалыптастыру мен тілдік қарым –қатынасын дамыту ойын іс-әрекеттері түрінде жүзеге асады.

- «Ұлттық өнерді дәріптеуге арналған іс-шара»
https://www.instagram.com/reel/Cri_S3eIe-m/?igsh=MXgweGRpcnhmaDdmcw
- «Жігіт сұлтаны» байқауы,
- <https://www.instagram.com/p/Cr3w6MYrlBm/?igsh=MXNramJ0eWswdXg3aA>
- «Ұлттық өнер-ұрпаққа мұра» тақырыбында оқу жылының қорытынды есебі
<https://www.instagram.com/reel/Cs6qeFNOvC/?igsh=bWI3cW9jMjQwa3gy>

«Денсаулық» физикалық қасиеттерін дамыту:

Денсаулық және Таным білім дағдыларын кіріктіре дене қозғалыстарының белсенділігін дамыту. Өз денсаулығына саналы қарауды, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуді қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиеттерін қалыптастыру.

Балалардың физиологиялық денсаулығы және тіршілік іс-қызметтерінің қауіпсіздік ережесін сақтау.

Әр тоқсанда спорттық мереке, айына бір рет сауықтыру-шынықтыру іс-шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтар болсақ:

- «Қызыққа толы сәттер» серуен кезіндегі фото-сюжеттер байқауы,

- Ата-аналармен ықпалдаса отырып, «Мен ойнаймын!» ерте жастағы балаларға арналған дамытушы ойындар мен ойыншықтардан көрме
- Денсаулық күні: «Денсаулық-зор байлық» сауықтыру-шынықтыру
- Дене шынықтыру ойын-сауығы: «Спорт-денсаулық кепілі» сауықтыру-шынықтыру
- «Спорт – денсаулық кепілі» спорттық ойындар
- Дене шынықтыру ойын-сауығы : «Кел, балалар ойнайық!» спорттық ойын-сауық
- Дене шынықтыру ойын-сауығы : «Қысқы ермек» спорттық ойын-сауық
- Дене шынықтыру ойын-сауығы : «Кел ойнайық балақай! » ойын-сауық
- «Біздің әсем бақшамыз» эстафеталық жарыс
- «Мен спортты сүйемін» эстафеталық сайыс
- «Алақай, қыс келді» эстафеталық сайыс
- «Денсаулық мол байлық» эстафеталық сайыс
- «Біз болашақ жасұлан» спорттық сайыс
- Денсаулық күні: «Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз» спорттық сайыс
- Дене шынықтыру мерекесі: «Шынығамыз бәріміз» сайыс
- «Біз қазақтың ұландары» ұлттық ойын
- Дене шынықтыру мерекесі: «Спорт менің өмірім» топтар арасындағы спорттық сайыс
- «Спорт әлемінде» топ аралық сайыс
- «Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» (Ата-аналар мен балалардың біріккен жұмысы)
- Денсаулық күні: Қыс қызықтары» қысқы спорттық ойындар
- Денсаулық күні: «Дені саудың – жаны сау» Отбасылық сайыстар ұйымдастырылды.

Балабақшамызда әр жаттығуды қызықтыра өткізу үшін жекелеген тапсырма бере отырып, бала үнін тыңдай отырып өткіземіз.

Кері байланыс: Балаға сұрақ қою, саған бүгін жаттығу ұнадыма? қандай сезімде болдың?. Мұндағы бізде балалардың көш басшыны сайлап, жаттығуды балалармен бірге жасағандағы бүгінгі таңдағы нәтиже: балалардың мінез-құлқы өзгереді, бір-біріне сыйластығы, ара-қатынастары жақсарады.

Коммуникативтік және шығармашылық дағдыларды дамыту

Балалардың сөйлеу мәдениеттілігі қалыптасқан, грамматикалық сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде мәдени әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, сөздік қорына бай, тілдік құзіреттілікті меңгерген баланы тәрбиелеу.

Сөйлеуді дамытудың негізгі міндеті - тілдің дамытуы мәдениетті тәрбиелеу, сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамуға айтырып, баланы мектепке дайындау.

- «Үйшік» ертегісі сахналық қойылым
- «Әже ертегі айтшы...»
- «Шалқан» ертегісі сахналық қойылым
- «Әке мен бала» ертегісі сахналық қойылым
- «Асхана» сюжетті рөлді ойыны

Педагогтар осы жұмыстар арқылы баланың сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, ойын әрекетінде жүзеге асырып отыр. Балалар шығармашылықпен шағын әңгіме, ертегілер құрай білуді, өлең, тақпақтарды мәнерлеп айта алуды, ертегілерді сахналай білуді үйренді.

Көркемдік – эстетикалық тәрбие беру: Эстетикалық тәрбие барлық педагогикалық әрекет үрдісінде жүзеге асырылған. Балалардың эстетикалық талғамын дамыту және қауіпсіздік, жайлылық жағдайды ескере отырып, пәндік дамыту ортасы құрылған. Балабақшада музыкалық іс-шаралар атқарылды.

- «Берекелі алтын күз» ертеңгілігі,
- «Тәуелсіздіктің ақ таңы»,
- «Бірлігіміз жарасқан» ертеңгілігі
<https://www.instagram.com/p/Cr3w6MYrlBm/?igsh=MXNramJ0eWswdXg3aA==>
- «Жаңа жыл-жаңа жыр» ертеңгілігі,
- «Ана өмір шуағы» ертеңгілігі,
- «Алтын күз» ертеңгілігі,
- «Тәуелсіздіктің қадірін білер ұрпақ өсіп келеді» ертеңгілігі,
- «Жаңа жыл келді»
- «Аяулы анашым» ертеңгілігі,
- «Қош бол сүйікті балабақша, сәлем мектеп» ертеңгілігі өтіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңызды проблемаларды шешуде қолдануға қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Таным» дағдыларын дамыту бойынша: кіші топтағы балалардың сенсорлық тәрбиенің дидактикалық ойындары және дамыту ойындар арқылы қалыптасады, ортаңғы топда балаларға жаңа материалмен тәжірибе іс-әрекеті арқылы үйретеді. Іс-әрекетте тәрбиешілер көрнекі құралдарды, дидактикалық, дамыту ойындарын, М.Монтессори технологиясының элементтерін кеңінен қолданады (балалардың білім-дағды деңгейі көрсеткіші бар). «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың азығы» танымдық іс-әрекет оқу іс-әрекеттері өтілді.

Балалардың табиғатты қорғау және экологиялық факторлар туралы, адамның табиғи ортаға әсері, қоршаған ортаға және денсаулықты сақтай білуге білімдерін бекіту және нақтылау мақсатында жүргізілген. Балабақшада еңбек тәрбиесі ересек жас тобынан бастап, күнделікті күн режимі барысында жүргізіліп отырылды. Балалар үлкендердің айтуымен еңбек етуге дағдыланған. Ересек топтан бастап балалар тәрбиешіге көмектеседі. Оқу – тәрбие жұмысында көрнекіліктерді таратуға, дастархан мәзірін жасау кезінде кезекшілер қызметін атқарады, тәрбиешілердің бақылауымен табиғат орталығында гүлдерді суғару, күтім жасауға қалыптасады.

Тәрбиелеу мен оқыту үрдісін дербестендіру, қамтамасыз етуге, тәрбиеленушілердің негізгі құзіреттілігін табысты қалыптастыруға, адамгершілік нормаларын меңгерту мақсатында бағдарламалардың барлық бөлімдеріне сәйкес қажетті әдістемелік, демонстрациялық, үлестірмелі материалдармен толықтырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің барлығы көрнекіліктер арқылы өткізіліп отырады. Әрбір ашық ұйымдастырылған іс-әрекет және іс – шараларға әдістемелік көмек көрсетіліп, бекітіліп өз мерзімінде өткізіліп отырады.

Балабақшаның ата-аналар комитеті белсенді жұмыс атқарады. Жылдық жоспарда жалпы және топтық ата-аналар жиналысы, сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен ертеңгіліктер, спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, спорттық сайыстар т.б. іс- шаралар жоспарланған. Ата-аналармен кеңестер, « Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуі», «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» атты баяндама оқылды.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педогогикалық жағдай жасау үшін психологиялық қызмет ұйымдастырылған:

Педагог-психолог қызметінде Абдуллаева Гульназира Нагашбековна , педагогикалық еңбек өтілі – 8 жыл, жоғары білімді. Педагог – психолог жұмысы барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Жұмыстың негізгі **мақсаты**: Баланың психикасының дамуына қолайлы жағдай жасау. Даму деңгейін анықтау.

Міндеттері:

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып , баланың таным үрдістерін, достарымен және отбасымен қарым-қатынастарын зерттеу. Темперамент типтерін анықтау.

Негізгі 5 бағыты:

1) Дамыту және жетілдіру

Мақсаты: балаға үнемі жағдай жасау

2) Түзете дамытушылық

Мақсаты: Бала ерекшелігін ескере отырып, әдістеме құру

3) Психодиагностика

Мақсаты: Бала қабілетін анықтай отырып жұмыс жүргізу

4) Ақпараттық аналитикалық бағыт

Мақсаты: Талдау нәтижелері бойынша шешімдер мен ұсыныстарды әзірлеу. Талдаудың нәтижелері мен ұсыныстарын есеп, диаграмма немесе график түрінде ұсыну.

5) Кеңес беру

Мақсаты: Барлық педагог тәрбиешілерге және ата аналарға педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Жүргізу әдісі: әңгімелесу, сауалнама, зерттеу, тексеру, бақылау, кеңес беру, тренинг.

Психопрофилактика,психоағарту, түзету-дамытушылық жұмыстар:

- Баланың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау. «Кел,танысайық», «Мен және менің ойыншығым», «Кім немен саяхатқа барады?», «Осы үйде кім тұрады?», «Көңілді әтеш» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді.
- Жас ерекшелігін ескере отырып ойын іс-әрекетін ұйымдастыру. «Достық күлімдеуден басталады?», «Көңілді бағдаршам», «Бақша гүлдері, «Арнайы көйлек», «Кімге не қажет?», «Мейірімге толы сөздер» тақырыптарында ересек тобына арналған іс –әрекеттер орындалды.

«Жайқалған гүлдер», «Қызықты бейнелер», «Ақылды саусақтар», «Артық транспорт түрін тап» тақырыптарында ортаңғы топта іс-әрекеттер орындалды.

«Көңілді күн», «Күзгі жапырақтар», «Қандай түс», «Зейінді бол», «Жануарға көмектес» тақырыптарында кіші топқа ойын іс-әрекеттер орындалды.

Балалармен жұмысы, психодиагностикалық және ағарту түзету жұмыстарында талдау қорытынды есебі, сараптама жұмысы жүргізілген.

Психолог өзінің жұмысында кең диагностикалық материалдарды пайдаланған, соның көмегімен, балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейі анықтаған.

Психолог жаңадан келген балалар туралы мәлімет жинақтап, оларға даму карта толтырып отырған.

Психологиялық қызметте диагностикалық материалдар кеңінен пайдаланылған, соның көмегімен балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейін анықталған.

Балалармен психологиялық диагностика жүргізілген. Балалардың қабылдауын, зейінін, қиялын, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, тілінің дамуын, басқалармен қарым-қатынасын анықтау жұмыстары жүргізілген.

Психологиялық диагностикалық жұмыс ата-аналар мен тәрбиешілердің сұранысы бойынша жүргізілген. Дамыту және жеке жұмыстар, балаларды зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Балаларды дамыту жұмысында эмоционалды ортасы, өздерінің ішкі сезімі және өзге адамдардың сезімдерін сезіне білуді үйретуде.

Жеке түзету жұмыстары:

Балалармен түзету жұмыстары жүйелі жүргізіліп, үнемі ересек тобында ерекше басымдық алады. Әсіресе кең өрісті танып білу мәселесін дамыту, мінез-құлқының қиыншылығы, баланың қабылдау қабілетіне байланысты. Балалармен жұмыс жүргізер алдында, ата-аналар мен педагогтерден сауалнама алынған. Жұмыстың мақсаты жайында ақпараттар алынған. Балалармен түзету ойындары, тақырыпты әңгімелесу, арт терапиясы, әдістемелік сурет, жұмсақ құралдармен, ермексаздармен, дәнді дақылдармен, асықтармен, музыкалық әуен арқылы жұмыс жүргізілді.

Педагогтермен жұмыс: Тәрбиешілермен жұмыс әр түрлі формада жеке жұмыс және кеңес беру, тренинг жүргізді. «Мен бақытты жанмын», «Ұйымшыл ұжым», «Менің құпия досым», «Жадырайық жайнайық, жылы лебізімізді сыйлайық» тақырыптарында тренингтер, «Бақытты бола білесіз бе?» , «Жалқаулығыңызды жеңуге шамаңыз жете ме?» сауалнамалары жүргізілді.

Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен жұмыста балаларды тәрбиелеу жайында сұрақтар қаралған. Ең бастысы ата-аналарға балалар психологиясы жайында кеңес беру, ақпараттар, олардың психологиялық, педагогикалық мәселелер туралы хабарлар берілген.

Ата-аналарға кеңес:

- «Баланы балабақшаға бейімделуін жеңілдету»
- «Ертегінің бала тәрбиесіндегі орны»
- «2-3 жастағы балалардың психологиялық даму ерекшелігі» кіші топтарға
- «Балаларды қалай жақсы көру керек?»

- «Жануарлар» ойыны
- «Ата –ананың өз баласымен қарым-қатынасын анықтау» сауалнама
- «Менің балапаным» тренинг
- «Жанұя бақыты» тренинг

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізгі ортасы ол отбасы болып табылады. Ата-аналарды балабақша өміріне қатыстыру жаңа заман жағдайында үйлесімді шешуді талап етеді. Сондықтан балабақшада ата-аналармен жұмысты келесі негізгі принциптерді ұстана отырып ұйымдастырылған:

-отбасының балабақша өміріне белсене араласуына жағдай тудыру (әр ата-анаға өз баласының қандай жағдайда өсіп жетіліп жатқаны туралы көріп білуі);

- бала тәрбиесінде педагог пен ата-ана арасындағы байланыс;

-баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты туындаған жалпы және жеке мәселелер бойынша диагностика жасау;

Балабақшада балаларға белсенділік орталықтары арқылы әр балаға қалаған ісін таңдауға өз ойларын ашық айтуға, ересектермен өзін еркін сезінуге жалпы ойлау қабілетін дамытуға, жасаған ісіне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар, топтық ата-аналар жиналысында кіші топтарда «Баланың балабақшаға бейімделуі», ортаңғы топта «Сіз өз балаңызды білесіз ба?», ересек топта «Мектепке баруға дайынсыз ба?» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, ата-аналар балаларының жетістіктері туралы толық мағлұмат алып отырған. Психологиялық жұмыстың құжаттары бір жүйеге келтірілген, ұқыпты және талапқа сай жүргізілген.

Түзету мен дамыту жұмыстары

Педагог-логопед қызметінде Абдраманова Меруерт Есеновна , педагогикалық еңбек өтілі – 6 жыл, жоғары білімді. Педагог – логопед жұмысы барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Жұмыстың негізгі **мақсаты:** Балабақша тәрбиеленушілерінің сөйлеу тілі кемістіктерінің бұзылу себептерін болдырмау жолдарын сонымен бірге кемістіктерді әр түрлі жолдармен түзету.

Міндеттері: Сөйлеу тілі бұзылыстарының таралуын, оның симптоматикалық белгілерін анықтау.

Тыныс алу жаттығулары: Сағат, поезд, машина, т.б арқылы жүргізілді.

Логоритмика арқылы буындап сөйлеу қарастырылды.

Саусақ жаттығуын жүргізу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамытты.

Артикуляциялық жаттығу сөйлеу тілі аппаратының жұмысын жетілдірілді.

Мысалы: Күрекше, тіл босаңсытылады. Жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерінге қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру арқылы.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: «Мен әдепті баламын»

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру бойынша дамытушы орта ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен педагогикалық үрдісті ұйымдастыруды жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып, балаларға сапалы білім беру, жан – жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асыру барысында біздің балабақшамызда түрлі заттарды пайдалана отырып дамытушы ойындарды қолданудамыз. Олар Ф.Фребель, М.Монтессори технологияларының элементтерін негізге ала отырып жасалынды.

Балабақшадағы балалардың дене, психологиялық және әлеуметтік дамуында орны ерекше, сонымен қатар оның көп функционалдық рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Келешекте мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартына, үлгілік бағдарламаға сай барлық білім дағдыларында ойын түрлерін қолдану мүмкіндігіне жол ашып, оны түрлендірудің теориясы мен әдістемесін дайындау және тұжырымдамалық негіздеу мақсатын қойып отырмыз.

«Денсаулық» орталығында:

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде түрлі заттарды пайдалана отырып жасалған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еттері қатайды, жұмысқа қабілеттілігі артады. Қимыл-қозғалыс координациясы артып, қол мен аяқтың бірлескен қимылы дамиды. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілеті дамып, психикалық процестердің дамуына әсерін тигізеді. Жалпақ табанның алдын алу және ең бастысы балалардың дұрыс жүру дене бітімі артады.

Аяқ, табан, бұлшық еттерін дамытуда май табанның алдын-алу мақсатында гимнастикалық асық жолақшасын күннің екінші жартысындағы шынықтыру шараларында қолданамыз.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының және әлем халықтарының ертегілері, қазіргі заманғы авторлардың шығармалары (әңгімелер, ертегілер, тақпақтар) әдебиеттер жинақталған.

Дамытушы ойындары, коллаж – түрлі суреттер, «Сиқырлы кітап», сүйікті ертегілерді сахналауға қажетті қалпақ, бетперделер, қуыршақтар театры, қолдан жасалған ойыншықтар театры, саусақ, қолғап, қасық, көлеңкелі театры, сахналау және режиссерлік ойындарға арналған құралдар жасалынған.

Таным дағдыларын қалыптастыру орталығында:

Асық, Фребельдің ойыншықтарын пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. «М.Монтессори технологиялары» элементері бойынша цилиндр, «геометриялық сандықша» және тілдердегі сөздерді жіктеу және сөздік қорын молайту; қол бұлшық еттерін және ұсақ қол қимылдарын жетілдіру; сандар жинақталған.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында:

Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалынған. Дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен жұмыстар жасау үшін қажетті құралдар, заттар, ресурстар мен материалдар жинақталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында:

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен оны қорғап, күте білуге дағдыландыру үшін табиғат бұрышы, еңбек бұрыштары жасақталған. Табиғат бұрышы әр түрлі гүлдермен, сондай-ақ, бау бақшадағы гүлдерге қонатын көбелектер, инеліктермен толықтырылған. Еңбек бұрышында су құйғыштар, топырақты қопсытқыштар, су шелектері жинақталған.

Ғылыми орта: Балалардың тәжірибе жасауы

Бөлімдер бойынша материалдар: құм және су, магнит, қағаз, шыны, көмекші құралдар: үлкейткіш шыны, құм сағат, микроскоп, түрлі пішінді және көлемді ыдыстар, өлшеуші қасық, сүзгі мен су құйғыш, мұз салғыш қалып, резеңке қолғаптар, пластикалық немесе коктеил ішетін түтікшелер, көпірткіш, араластыруға арналған ағаш қалақшалар, йогурт, қаймақтардан босаған түрлі-түсті стакандар және жайпақ табақшалар, лупалар, алжапқыштар, щетка, қалақ, шүберек, табиғи материалдар жинақталған.

Табиғат орталығы: Жасанды және бөлме өсімдіктері, мерзімді өсімдік түрлері, еңбек жасайтын құралдар, бақылау күнтізбесі, жыл мезгілінің картотекаларымен қамтылған.

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы:

1. Дәрігер – қызыл белгісі бар қалпақ, халат, қажетті құралдар.
 2. Шаштараз – халат, тарақтар, қайшылар, ойыншық фен, сусабын, иіссу, сабын, сүлгі.
 3. Аспазшы – қалпақ пен алжапқыш, ыдыстар, тағамдар, ас пісіретін ойыншық пештер, мұздатқыштар, басқару құралы.
 5. Құрылысшы – бас киімі, құрал-сайманы.
 6. Ғажайып заттар жәшігі – қалпақтар, түтікше, текше, дінгекшелер, цилиндр, кегли, таяқшалар, қоңырау, сөндіргіш, қақпақтар, фанер, поролон бөлшектері, жіптер, түрлі-түсті қиындылар.
 7. Желілі- рольді орталығы- ертегі кейіпкерлерінің жұмсақ ойыншықтары, костюмдері, атрибуттары
 8. Өнер орталығы- музыкалық дыбыстауға арналған түрлі аспаптар: домбыра, асаяқ, пианино, саз сырнай, сылдырмақ, т.б
 9. Әдебиет орталығы- баланың жас ерекшелігіне орай суретті кітаптар, электронды ертегі кітаптар, түрлі-түсті суретте бейнеленген түрлі тақырыптарда суреттер
- «Таным» білім беру орталығында: «М.Монтессори технологиялары» элементері бойынша цилиндр, «геометриялық сандықша» және тілдердегі сөздерді жіктеу және сөздік қорын молайту; қол бұлшық еттерін және ұсақ қол қимылдарын жетілдіру; сандар, дидактикалық материалдар жинақталған.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша 2022 – 2023 оқу жылы педагогтердің құрамын талдау:

Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген.

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы МКҚК - да 11 педагог қызмет етті.
Олардың ішінде: Меңгеруші – 1; әдіскер-1, педагог-психолог – 1;
Тәрбиешілер - 6; Педагог-логопед-1, Саз жетекші-1

Педагогтардың білім деңгейі

Педагогтар саны	Жоғары	Мектепке дейінгі арнайы кәсіби білім	Оның ішінде мектепке дейінгі	Педагогтер
11	10	1	6	5
%	92%	8%	54%	46%

Педагогтардың біліктілігі

Педагогтар саны	Жоғары	%	Бірінші	%	Екінші	%	Санаты жоқ	%
11	0	%	3	27	3	27%	5	46%

Педагогтардың жас ерекшелігінің құрамы

Барлық педагогтар	20-дан 30-ға дейін	30-дан 40-қа дейін	40-тан 50-ге дейін	50 жастан жоғары
11	0	5	4	2
%	%	46%	36%	18%

Педагогтардың еңбек өтілі

№	Барлық педагогтар	Педагогикалық өтілі				
		3жылға дейін	3жылдан -5 жылға дейін	5жылдан -10 жылға дейін	10жылдан -20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2022-2023	11	0	0	3	6	2
Соңғы жылдың%		%	%	27%	55%	18%

Жетістіктер саны

Жетістіктер	Құрмет грамотасы	Алғыс хат	Дипломдар	Мадақтамалар
Аудан		2		1
Облыс				
Республика			8	
Барлығы		2	8	1

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына қосымша бекітілген педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сай 2022-2023 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің

тізімі бекітілген. Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы, тәрбиеші Терискенбаева Гайни Алашовна «Педагог-модератор» біліктілік санатына біріңғай ұлттық тесттен, электронды база бойынша портфолио жинақтары өтіп, 2023 жылдың тамыз айында «Педагог-модератор» біліктілік санаты берілді. Педагог-психолог Абдуллаева Гульназира Нагашбековна, педагог-логопед Абдраманова Меруерт Есеновна, тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы педагог-модератор біліктілік санатына біріңғай ұлттық тесттен өтіп, электронды база бойынша портфолио жинақтары өтпей қалды.

Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Кадрлар тұрақсыздығы жоқ, көпшілігі балабақша ашылғаннан бастап жұмыс атқарады. Педагогикалық ұжым 11 педагогтен құралған, олардың барлығының педагогикалық білімі бар.

5) 2022-2023 оқу жылында балабақшада түзете-дамыту логопункті жұмыс жасады.

6) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың оқыту нәтижелері:

«Балдырған» бөбекжай -балабақшасында тәрбиеленетін балалардың жас ерекшелігі - 2 жас, 3-жас, 4 жас. Топтардағы балалардың үлестік салмағы жас ерекшеліктеріне сай. Балабақшада 3 топ, оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ересек топта 25 бала, ортаңғы топта 25 бала, кіші топта 15 баладан толықтырылған.

№	Топ атауы	Қай тілде тәрбиеленеді	2022-2023о/ж Балалардың саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	қазақ	15
2	«Балбөбек» ортаңғы тобы	қазақ	25
3	«Жұлдыз» ересек тобы	қазақ	25
Барлығы:			65

Тәрбиеленушілер саны	65	100%
қыздар	26	40
ұлдар	39	60

7) Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдыларын дамытуды кіріктіру арқылы 2022-2023 оқу жылы қамтамасыз етілді.

Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдыларын дамытуды кіріктіру негізінде жүзеге асырылды.

Педагогтер перспективалық жоспарды оқу жылына құрады. Педагог өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жастарына және мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатқа сүйене отырып құрады. Перспективалық жоспар №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Апталық циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес бір аптаға құрылды.

Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» дағдыларын дамытуды кіріктіріліп жасалды.

2022-2023 оқу жылында педагогтар арасында **Көрме:** «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында (кұралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар, асықтардан және т.б. жасалған дамытушы ойындар) ұйымдастырылды.

Педагог мамандардың білім көтеру көрсеткіші

Тәрбиеші Абдраманова Дана Есеновна - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО мектепке дейінгі педагогтерінің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша «Баланы ерте дамыту бағдарлары» 170 академиялық сағат көлеміндегі курс (сертификат);

Меңгеруші Бимырзаева Тансык Кабаковна- төтенше жағдайлар департаментінің сертификаты;

Тәрбиеші Пернебек Жазира Бақтиярқызы- мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзіндеттілігін дамыту(сертификат);

Тәрбиеші Пернебек Жазира Бақтиярқызы- мектепке дейінгі ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде М.Монтессори педагогикасын қолдану жолдары тақырыбындағы оқыту семинарына қатысқаны үшін (сертификат);

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы - мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзіндеттілігін дамыту (сертификат);

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде М.Монтессори педагогикасын қолдану жолдары (сертификат);

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы - ОӨО маман специалист оқу орталығының сертификаты;

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы –педагогикалық шеберлік орталығының сертификаты;

Тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру (сертификат)

Тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзіндеттілігін дамыту» (сертификат);

Тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы- Білім айнасы журналының сертификаты;

Логопед Абдраманова Меруерт Есеновна- Халықаралық өрлеу-өркендеу журналының сертификаты;
Логопед Абдраманова Меруерт Есеновна- ОӨО маман специалист оқу орталығының сертификаты;
Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы - ОӨО маман специалист оқу орталығының сертификаты;
Тәрбиеші Татимова Орынкүл Бахтиярқызы - ОӨО маман специалист оқу орталығының сертификаты;


Балабақшаның жеткен жетістіктері

Тәрбиеші Пернебек Жазира Бахтиярқызы – 16-тамыз Созақ ауданының Жастары күні мерекесіне орай алғыс хат;
Тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы- Ұстаздар күні мерекесіне орай алғыс хат;
Тәрбиеші Абдраманова Меруерт Есеновна – «Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау жеңімпазын дайындағаны үшін диплом;
Тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы- Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау жеңімпазын дайындағаны үшін диплом;
Тәрбиеші Еркінбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы- Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау жеңімпазын дайындағаны үшін диплом;
Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- «Дарындар әлемі» Халықаралық интеллектуальды білім порталының дипломы;
Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- «Дарындар әлемі» Халықаралық интеллектуальды білім порталының 2 дәрежелі дипломы;
Тәрбиеленуші Болатбай Ералы Саматұлы- «Фотосурет» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін I дәрежелі диплом;
Тәрбиеленуші Құрманғазыұлы Керей- «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін III дәрежелі диплом;
Тәрбиеленуші Қуанышбек Адина Мақсатқызы-«Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін I дәрежелі диплом;
Тәрбиеленуші Түймебек Арша Ратбекқызы- «Аппликация» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін II дәрежелі диплом;
Тәрбиеші Абдраманова Дана Есеновна- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізген «Шебер тәрбиеші» байқауына қатысқаны үшін I дәрежелі диплом;
Тәрбиеші Абдраманова Дана Есеновна- «Бақытты балабақша» байқауында білімділігі мен біліктілігі және ерекше шығармашылығымен үздік деп танылғаны үшін I дәрежелі диплом;


8)Балалардың түрлі жас кезеңдерінде даму деңгейін анықтау үшін мониторинг жүргізілді.

Оқу жылы бойы педагог үнемі бақылау арқылы баланың дамуын қадағалады. «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізілді.


Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	0	10	5	0	8	7	0	6	9	2	8	5			
"Балбөбек" ортаңғы	25	1	12	12	3	11	11	2	10	13	2	11	12	2	10	13
"Жұлдыз" ересек	25	18	4	3	5	18	2	8	17	0	7	18	0	12	13	0
Барлығы	65	19	26	20	8	37	20	10	33	22	11	37	17	14	13	13
%Бастапқы	100	29	40	31	12	57	31	15	51	34	17	57	26	28	46	26



Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	7	7	1	6	7	2	5	6	4	5	7	3	4	8	3
"Балбөбек" ортаңғы	25	8	12	5	10	7	8	7	9	9	8	9	8	9	8	8
"Жұлдыз" ересек	25	8	13	4	9	11	5	20	5	0	8	11	6	10	13	2
Барлығы	65	23	32	10	25	25	15	32	20	13	21	27	17	23	29	13
% Аралық	100	35	49	15	38	38	23	49	31	20	32	42	26	35	45	20



Жас топтары	Баласы	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	7	5	3	8	5	2	7	5	3	8	5	2	8	5	2
"Балбөбек" ортаңғы	25	16	9	0	12	9	4	14	6	5	15	7	3	15	8	2
"Жұлдыз" ересек	25	9	16	0	10	14	1	21	4	0	10	14	1	11	13	1
Барлығы	65	32	30	3	30	28	7	42	15	8	33	26	6	34	26	5
% Қорытынды	100	49	46	5	46	43	11	65	23	12	51	40	9	52	40	8



Мектепке дейінгі оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектеп алды даярлық тобына қабылданғанға дейін балалардың біліктіліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар бойынша мектепке дейінгі ересек тобының тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сауалнама жүргізілді. 2022-2023 оқу жылында ересек «Жұлдыз» тобында 25 бала тәрбиеленді. Оқу жылында екі рет сауалнама алынды. Барлық ата-аналардан сауалнама алынды.

1. **«Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»?**

Қорытынды (бейімделу)

10-15 Сіз балаңыздың балабақшаға бейімделу барысында балаға толық көңіл бөлгеніңіз жөн. Балаға сіздің көмегіңіз қажет.

16-21 Сіздің балаңыз балабақшаға келуге толық дайын. Өзін ортада ұстай біледі. Балаға үнемі қолдау білдіріп отырыңыз.

Қорытынды

Берілген сұрақтарға 45 ата-ана жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша

30 ата-ана 10-15 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде , $30:45,100=66,6\%$
% 15 ата-ана 16-21 балл алды нәтижесінде $15:45,100=33,3\%$

Тест нәтижесі бойынша: Жоғары: 66,6%

Орташа: 33%

№	Ұпай	Ата-ана	Пайыз көрсеткіші
1	10-15	30	66,6%
2	16-21	15	33,3 %
3		0	0 %
	Барлығы	45	

2. Балаңыз мектепке дайын ба?

Сұрақтарға «ия» немесе «жоқ» деп жауап берілді.

«ия» жауабына 1 балл

«жоқ» жауабына 0 балл беріледі

Тестілеудің нәтижесі сұрақты мақұлдау жауаптарының санынан белгілі.

14-17 балл- сіздің балаңыз мектепке дайын деуге болады. Сіз онымен уақытыңызды текке кетірмепсіз, егер мектепте қандай да бір қиындықтар кезіксе- ол тез шешілетін мәселе.

10-13 балл- сіз дұрыс жолдасыз, балаңыз көп нәрсені үйреніп қалды, ал сіздің ол сұрақтарға жауап бермеуіңіз- әлі де біраз тер төгу керек дегенді білдіреді.

9 және одан да төмен- балаңызға арнайы әдебиеттерді көп оқып беріңіз, оған уақытыңызды көбірек бөліңіз және балаңыздың нені істей алмайтынын біліп, соны алып кетуіне көмектесіңіз.

Берілген сұрақтарға 25 ата-ана жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша 7 ата-ана 14-17 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде $7:25,100=28\%$

Қалған 17 ата-ана 10-13 балл аралығында $17:25,100=68\%$ ұпай жинады.

Тест нәтижесі бойынша : Жоғары: 68 %

Орташа: 28%

Төмен: Жоқ

3. Педагогтермен жүргізілген суалнама

Өзіңізді бақылай білесіз бе? (кілті)

- 1, 5, 7 сандары «жоқ» болса 1 балл, «иә» болса 0 балл, қалғандары «иә» болса 1 балл, «жоқ» болса 0 балл.
- 3 балл:** коммуникативті бақылауы төмен, және жағдайға байланысты өзгерткіңіз келмейді. Кейбіреулер сіздің мінезіңіз қарым-қатынаста қолайсыз деп есептейді.
- 4-6 балл:** коммуникативті бақылауы орташа. Ақкөңіл, өз сезімін ұстай біледі. Маңайындағы адамдармен көбірек санасады.

4. **7-10 балл:** коммуникативті бақылауы жоғары. Сіз жеңіл араласып кете аласыз. Жағдайлардың өзгеруіне байланысты икемділік көрсетесіз.

Маңайыңыздағыларға қандай әсер қалдырғаныңызды көре аласыз.

5. Қорытынды

6. Берілген сұрақтарға 8 педагог жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша

7. 6 педагог 4-6 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде $6:10,100=60\%$

8. 1 педагог 3 балл алды нәтижесінде $1:10,100=10\%$

9. қалған 1 педагог $1:10,100=10\%$

10. Тест нәтижесі бойынша: Жоғары: 60%

Орташа: 10%

Төмен: 10%

№	Ұпай	Сәйкес келген педагог саны	Пайыз көрсеткіші
1	3	1	10 %
2	4-6	6	60 %
3	7-10	1	10%
	Барлығы	8	100%

11.

9). Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтары жасақталады:

2022-2023 оқу жылында: «Еркем-ай» кіші тобында -15 бала,(2 жас)

«Балбөбек» ортаңғы тобында -25 бала, (3 жас) , «Жұлдыз» ересек тобында 25 бала(4 жас) қамтылған.

1) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2023-2024 оқу жылы

«Балдырған» бөбекжай – бақшасының оқу жұмыс жоспары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған іс-әрекет жүктемелері төмендегідей ұйымдастырылды.

«Балдырған» бөбекжай – бақшасының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңес отырысында бекітілген жылдық жоспар негізінде жүргізілді. «Балдырған» бөбекжай - бақшасында жас ерекшелігіне қарай 3 топ ұйымдастырылған, олар: 1-ересек топ, 1- ортаңғы топ және 1 - кіші топ.

Кіші жас, ортаңғы жас, ересек жас топтарының ұйымдастырылған іс-әрекеті 5 (бес) білім беру дағдылары бойынша, барлық іс-әрекет күн сайын, дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына бір рет, музыка аптасына бір рет болып жасалынды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ересек және ортаңғы топқа вариативті компонент:

Тобы	Вариативті компонент тақырыбы
«Балбөбек» ортаңғы топ	«Ертегілер елінде»
«Жұлдыз» ересек топ	Балалар қауіпсіздігі

Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту арқылы баланы танымдық- тілдік дамуын және сөздік қорларын байыту. Балалар қауіпсіздігінің алғы шарттарын қалыптастыру.

Балабақша атынан ашылған инстаграмм парақша:

- <https://www.instagram.com/baldyrganbalabaqshasy?igsh=N2hlbndyeWI0MnM3>

Ұсынылған бағдарламалардың күнтізбелік жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат талаптарын ескере отырып құрылған.

2) 2023-2024 оқу жылында балабақшада төмендегі негізгі мақсаттар мен міндеттермен балабақшаның жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты баланың дамуына әсер ететін қоршаған ортаның нақты көрсеткіштері негізінде күзіреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері: Балабақшада балалардың салауатты өмір салтын, зияткерлік қабілеттерін, жеке тұлғасын жан-жақты (физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдылар, шығармашылық дағдылар, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) дамыту.

Осы жылы алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруда алдын- ала жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар жасалынды.

4 педагогикалық кеңес жоспарланған:

№ 1 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:« Үлгілік оқу бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру. Балабақшаның 2023 – 2024 оқу жылына дайындығы. Өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға аналитикалық талдау.

Өткізілу формасы: тақырыптық .

№2 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінің деңгейін көтеруде жаңа технологиялардың рөлі.

Өткізілу формасы:Іскерлік ойын,идеялар

№3 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Ел болашағы –бүгінгі жас ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру. Балабақшадағы тәрбиеленушілерің бірыңғай білім беру және тәрбие кеңістігін құру және жанұяда балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту сұрақтарына байланысты тәжірибе алмасу. Үштік одақтың бірлесу позициясының дамуы және құрылу үрдісін зерттеу

Өткізу формасы:дөңгелек үстел

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2023 - 2024 оқу жылына талдама жасау. Қорытындылау.

Мақсаты: 2024 – 2025 оқу жылындағыоқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау»

Өтілу түрі: Дөңгелек үстел, идеялар марафоны «Мен»

Оқу жылында 5 әдістемелік кеңес жоспарланған:

1.Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі оқыту мен тәрбиелеу үрдісін реттеу. **Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

2. Тақырыбы: Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану **Өткізу түрі:** нұсқаулық-әдістемелік кеңес

3. Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында вариативті компонент жұмысының барысы туралы

Жүргізілу түрі: әдістемелік

4. Тақырыбы: Жаңа технологияларды педагогикалық процесте тиімді пайдалану

Өткізілу түрі: дөңгелек үстел

5. Тақырыбы: Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту. Критериалды көзқарас негізінде

педагогтердің жұмысын ұйымдастыру, өзін – өзі бағалауы

Өткізу түрі: әдістемелік диалог

Оқу жылында 3 рет Психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі

1.Тақырыбы: Балаларды ұйымға қабылдау және олардың дамуындағы проблемаларды анықтау.

2.Тақырыбы: Жарты жылдықта бір реттен кем емес өткізу ұсынылады.

3.Тақырыбы: Түзету жұмыстарының қорытындысы

Оқу жылында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы

1.Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»

2. Тақырыбы: Бала-біздің болашағымыз

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: Қазіргі заман талабына сай «Супермаркет», «Сұлулық салоны», «Емхана» , «Шаштараз» орталықтары заманауи ойыншықтармен жабдықталған.

Шығармашылық орталығында керекті құралдар, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, музыкалық аспап ойыншықтары бар. «Монтессори» технологиясының элементтерін қолдану фетрден тігілген құралдар, балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибутар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдары жасалған.

- «Спорт-денсаулық кепілі» отбасылық сайыс

https://www.instagram.com/p/C6JAw_prKH8/?igsh=cnczeWRidGQwb3A3

- «Ұлттық ойын әлемінде» топтық спорттық сайыс

<https://www.instagram.com/p/C4ulHJioFfc/?igsh=MTdraTA3eDg4MnNpcw>

==

- «Жүз бір жұмбақ, мың бір мақал» байқауы

- <https://www.instagram.com/reel/C3CbX0coPz4/?igsh=MTBidjBudHQ1dG51cQ>==

«Ару бүлдіршін-2024» байқауы

<https://www.instagram.com/p/C4uPUQko1Rd/?igsh=Z3JjdWxpazR5aHNs>,

- «Әке өмірдің тірегі» конференция

<https://www.instagram.com/reel/C2y3sjxINEA/?igsh=aGxib2NveGRreTNz>

1) кіші топта:

танымдық ойыншықтар, сенсорикаға арналған түрлі түсті мұнаралар, кубиктер, үлкен-кіші пирамидалар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, замоктар, кнопкалар жақтаулары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған пазлдар, мозайкалар, сюжеттік рольдік ойындар, еңбек орталығына арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, Фребель ойыншықтары, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар бар.

3) ересек топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған пазлдар, мозайкалар, сюжеттік рольдік ойындар, еңбек орталығына арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, Фребель ойыншықтары, көп функционалды ойыншықтар, ұлттық ойындар жинағы, ұлттық нақыштар бар.

«Денсаулық» физикалық қасиеттерін дамыту:

Дене қозғалыстарының белсенділігін дамыту. Өз денсаулығына саналы қарауды, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуді қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиеттерін қалыптастыру.

Балалардың физиологиялық денсаулығы және тіршілік іс-қызметтерінің қауіпсіздік ережесін сақтау.

Әр тоқсанда спорттық мереке, айына бір рет сауықтыру-шынықтыру іс-шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтар болсақ:

- Денсаулық күні: «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің» сауықтыру-шынықтыру
- «Спорт-досың, серігің» эстафеталық жарыс
- «Мен спортты сүйемін» эстафеталық жарыс

Коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру:

Балалардың сөйлеу мәдениеттілігі қалыптасқан, грамматикалық сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде мәдени әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, сөздік қорына бай, тілдік құзіреттілікті меңгерген баланы тәрбиелеу.

Сөйлеуді дамытудың негізгі міндеті - тілдің дамытуы мәдениетті тәрбиелеу, сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамуға айтырып, баланы мектепке дайындау.

- «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың азығы» танымдық іс-әрекет
- «Үйшік» ертегісі сахналық қойылым

<https://www.instagram.com/p/C04QEYYorOR/?igsh=OG1yM210NWNjN2Nv>

- «Менің Отаным Қазақстан» тақырыптық іс-әрекет
<https://www.instagram.com/p/C0ysGGfs1fS/?igsh=MWg1Yjk0anEwZzMyNg==>
- «Кішкентай ақылды балапан» ертегісінің сахналық қойылым
<https://www.instagram.com/p/C1BbqoHo26L/?igsh=MXJvaThvbXRrYjZzNw==>
- «Сипап көр» ойыны ашық ҰІӨ
- «Тұрған орнында қос аяқпен 2-3 м қашықтықта алға қарай секіру» ашық ҰІӨ
- «Экологиялық бағдаршам» ашық ҰІӨ
- «Бауырсақ» ертегісі
https://www.instagram.com/p/C6oJ6dqI_FY/?igsh=MWo1bGd6eXVtcmQwOQ==

Педагогтар осы жұмыстарды сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, ойын әрекетінде жүзеге асырып отыр. Балалар шығармашылықпен шағын әңгіме, ертегілер құрай білуді, өлең, тақпақтарды мәнерлеп айта алуды, ертегілерді сахналай білуді үйренді.

Көркемдік – эстетикалық тәрбие беру: Эстетикалық тәрбие барлық педагогикалық әрекет үрдісінде жүзеге асырылған. Балалардың эстетикалық талғамын дамыту және қауіпсіздік, жайлылық жағдайды ескере отырып, пәндік дамыту ортасы құрылған. Балабақшада музыкант қызмет атқарады.

- «Республикам менің» ертеңгілігі,
- «Алтын күз» ертеңгілігі,
- «Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілігі,
- «Аналар асыл жандар» ертеңгілігі,
https://www.instagram.com/p/C4LaMOhoW_l/?igsh=MTB6NXM1OG44ZzJxZQ==

- «Ана-өмірдің шуағы» ертеңгілігі
<https://www.instagram.com/p/C4LZ6ZRI3ev/?igsh=N2plaTd3enNseTB6>

- «Достығымыз жарасқан» ертеңгілігі,
- «Ел тірегі сарбаздар» ертеңгілігі,
- «Қазақстан Отаным менің» ертеңгілігі,
<https://www.instagram.com/reel/Cyxuh8orGuH/?igsh=bTRLZWg4bDdpMGts>
- «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы,
<https://www.instagram.com/reel/Cz6ZX08oLdd/?igsh=MW84YtZrcDVpbHZzOA==>

- «Бірлік бақыттың бастауы» ертеңгілігі,
 - «Қош бол балабақша» ертеңгілігі өтілді.
<https://www.instagram.com/reel/C7nxL6eIZCC/?igsh=MTZxbzR3OWQ5aWdzYw==>

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңызды проблемаларды шешуде қолдануға қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Таным» дағдысын қалыптастыру бойынша: кіші топтағы балалардың сезім, ұсақ қол моторикасын дамыту бойынша дидактикалық ойындары және дамытушы ойындар арқылы қалыптасады, ортаңғы топта балаларға жаңа материал мен тәжірибе іс-әрекеті арқылы үйретеді. Ұйымдастырылған іс-әрекетте тәрбиешілер ресурстарды, дидактикалық, дамытушы ойындарын, М.Монтессори технологиясының элементтерін кеңінен қолданады. «Менің-Отаным» тақырыбында танымдық, зерттеу іс-әрекет өтілді.

Балалардың табиғатты қорғау және экологиялық факторлар туралы, адамның табиғи ортаға әсері, қоршаған ортаға және денсаулықты сақтай білуге білімдерін бекіту және нақтылау мақсатында жүргізілген. Балабақшада еңбек тәрбиесі ересек жас тобынан бастап, күнделікті күн режимі барысында жүргізіліп отырылды. Балалар үлкендердің айтуымен еңбек етуге дағдыланған. Ересек топтан бастап балалар тәрбиешіге көмектеседі. Оқу – тәрбие жұмысында көрнекіліктерді таратуға, дастархан мәзірін жасау кезінде кезекшілер қызметін атқарады, тәрбиешілердің бақылауымен табиғат орталығында гүлдерді суғару, күтім жасауға қалыптасады.

Тәрбиелеу мен оқыту үрдісін дербестендіру, қамтамасыз етуге, тәрбиеленушілердің негізгі құзіреттілігін табысты қалыптастыруға, адамгершілік нормаларын меңгерту мақсатында бағдарламалардың барлық бөлімдеріне сәйкес қажетті әдістемелік, демонстрациялық, үлестірмелі материалдармен толықтырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барлығы көрнекі материалдар, қажетті құралдар мен ресурстар арқылы өткізіліп отырады. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет ересек тобында «Сәукеле», «Сәйкесін тап», «Аң патшасы арыстан», кіші топта «Құстарды тамақтандырамыз», «Бағдаршам көздерін дұрыс қою», «Кемпірқосақ», ортаңғы топта және іс – шараларға әдістемелік көмек көрсетіліп, бекітіліп өз мерзімінде өткізіліп отырды.

Балабақшаның ата-аналар комитеті белсенді жұмыс атқарады. Жылдық жоспарда жалпы және топтық ата-аналар жиналысы, сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен ертеңгіліктер, спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, спорттық сайыстар т.б. іс- шаралар жоспарланған. Ата-аналармен кеңестер, Фотостенд «Балабақшада біз не істейміз?», «Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар, Әкелер конференциясы, "Сөйлеп үйренемін" практикалық кеңестер өткізіліп, «Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуі», «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» атты баяндама оқылды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалынған. Дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен жұмыстар жасау үшін қажетті құралдар, заттар, ресурстар мен материалдар жинақталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында:

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен оны қорғап, күте білуге дағдыландыру үшін табиғат бұрышы, еңбек бұрыштары жасақталған. Табиғат бұрышы әр түрлі гүлдермен, сондай-ақ, бау бақшадағы гүлдерге қонатын көбелектер, инеліктермен толықтырылған. Еңбек бұрышында су құйғыштар, топырақты қопсытқыштар, су шелектері жинақталған.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау үшін психологиялық қызмет ұйымдастырылған:

Педагог-психолог қызметінде Абдуллаева Гульназира Нагашбековна , педагогикалық еңбек өтілі – 9 жыл, жоғары білімді. Педагог – психолог жұмысы барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Жұмыстың негізгі **мақсаты**: Баланың психикасының дамуына қолайлы жағдай жасау. Даму деңгейін анықтау.

Міндеттері:

- 1.Танымдық қабілеті мен психологиялық үрдісін дамыту, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял.
2. Танымдық ортасын дамыту. Қабылдау, елестету, бейнелік қабылдау, сөздік логикалық, шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауы
3. Эмоциялық ортасын дамыту.
4. Қарым-қатынасты дамыту
5. Тұлғалық дамуы, өзін өзі қалыптастыру.

Негізгі 5 бағыты:

- 1) Дамыту және жетілдіру

Мақсаты: балаға үнемі жағдай жасау

- 2) Түзете дамытушылық

Мақсаты: Бала ерекшелігін ескере отырып, әдістеме құру

- 3) Психодиагностика

Мақсаты: Бала қабілетін анықтай отырып жұмыс жүргізу

- 4) Ақпараттық аналитикалық бағыт

Мақсаты: Талдау нәтижелері бойынша шешімдер мен ұсыныстарды әзірлеу. Талдаудың нәтижелері мен ұсыныстарын есеп, диаграмма немесе график түрінде ұсыну.

- 5) Кеңес беру

Мақсаты: Барлық педагог тәрбиешілерге және ата аналарға педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Жүргізу әдісі: әңгімелесу, сауалнама, зерттеу, тексеру, бақылау, кеңес беру, тренинг.

Психопрофилактика,психоағарту, түзету-дамытушылық, балалардың мінез көрсеткіштеріне сәйкес жұмыстар:

Баланың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау: Көңіл күй, ұйықтау мерзімінің ұзақтығы, өз өзіне қызмет көрсету, тәбеті, ойынға деген белсенділігі, ата-анасынан бөлінуі, іс-қимыл тиімділігі, балалармен қарым-қатынасқа түсуі.

Жас ерекшелігін ескере отырып ойын іс-әрекетін ұйымдастыру. «Сенімді дос бағдаршам», «Гүл жинау», «Көңілді гномдар», «Сыпайы сөйлейік», «Армандар орындалады», «Нәзік гүлдер» тақырыптарында ересек тобына арналған іс –әрекеттер орындалды. «Болады, болмайды»,«Пішінді тап», «Сәйкестендір», «Аққала жасаймыз», «Түсіне сай орналастыр» тақырыптарында ортаңғы топта іс-әрекеттер орындалды. «Күлімде», «Пингвиндер серуені», «Алғыр кірпі», «Кім жылдам?» тақырыптарында кіші топқа ойын іс-әрекеттер орындалды.

Балалармен жұмысы, психодиагностикалық және ағарту түзету жұмыстарында талдау қорытынды есебі, сараптама жұмысы жүргізілген.

Психолог өзінің жұмысында кең диагностикалық материалдарды пайдаланған, соның көмегімен, балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейі анықтаған.

Психолог жаңадан келген балалар туралы мәлімет жинақтап, оларға даму карта толтырып отырған.

Психологиялық қызметте диагностикалық материалдар кеңінен пайдаланылған, соның көмегімен балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейін анықталған.

Балалармен психологиялық диагностика жүргізілген. Балалардың қабылдауын, зейінін, қиялын, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, тілінің дамуын, басқалармен қарым-қатынасын анықтау жұмыстары жүргізілген.

Психологиялық диагностикалық жұмыс ата-аналар мен тәрбиешілердің сұранысы бойынша жүргізілген. Дамыту және жеке жұмыстар, балаларды зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Балаларды дамыту жұмысында эмоционалды ортасы, өздерінің ішкі сезімі және өзге адамдардың сезімдерін сезіне білуді үйретуде.

Жеке түзету жұмыстары:

Балалармен түзету жұмыстары жүйелі жүргізіліп, үнемі ересек тобында ерекше басымдық алады. Әсіресе кең өрісті танып білу мәселесін дамыту, мінез-құлқының қиыншылығы, баланың қабылдау қабілетіне байланысты. Балалармен жұмыс жүргізер алдында, ата-аналар мен педагогтардан сауалнама алынған. Жұмыстың мақсаты жайында ақпараттар алынған. Балалармен түзету ойындары, тақырыпты әңгімелесу, арт терапиясы, әдістемелік сурет, жұмсақ құралдармен, ермексаздармен, дәнді дақылдармен, асықтармен, музыкалық әуен арқылы жұмыс жүргізілді.

Педагогтармен жұмыс: Тәрбиешілермен жұмыс әр түрлі формада жеке жұмыс және кеңес беру, тренингтер жүргізді. «Жақсы көңіл күй, жан қуанышы», «Қарым-қатынаста қандаймыз?», «Мамандығым мақтанышым» тақырыптарында тренингтер, «Қарым-қатынас компоненттілігі» тақырыптарында сауалнамалары жүргізілді.

Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен жұмыста балаларды тәрбиелеу жайында сұрақтар қаралған. Ең бастысы ата-аналарға балалар психологиясы жайында кеңес беру, ақпараттар, олардың психологиялық, педагогикалық мәселелер туралы хабарлар берілген.

Ата-аналарға кеңес:

- «Қалай бейімдеуге болады?»
- «бала агрессияға бейім болса...»
- «балаға мүлде айтуға болмайтын он сөз»
- «Баланы күшшәқтаудың пайдасы»
- «Бала біздің болашағымыз» баяндама
- «Ата –ананың өз баласымен қарым-қатынасын анықтау» сауалнама
- «Отбасы ынтымақтастығы неде?» тренинг
- «Мен және менің балам» дөңгелек үстел
- «Балалардың денсаулығын нығайту» дөңгелек үстел
- «Ұялы телефонға тәуелділіктен арылу жолдары» жадынама
- «балаңызға көңіл бөліңіз» жадынама

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізгі ортасы ол отбасы болып табылады. Ата-аналарды балабақша өміріне қатыстыру жаңа заман жағдайында үйлесімді шешуді талап етеді. Сондықтан балабақшада ата-

аналармен жұмысты келесі негізгі принциптерді ұстана отырып ұйымдастырылған:

-отбасының балабақша өміріне белсене араласуына жағдай тудыру (әр ата-анаға өз баласының қандай жағдайда өсіп жетіліп жатқаны туралы көріп білуі);

- бала тәрбиесінде педагог пен ата-ана арасындағы байланыс;

-баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты туындаған жалпы және жеке мәселелер бойынша диагностика жасау;

Балабақшада балаларға белсенділік орталықтары арқылы әр балаға қалаған ісін таңдауға өз ойларын ашық айтуға, ересектермен өзін еркін сезінуге жалпы ойлау қабілетін дамытуға, жасаған ісіне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар, топтық ата-аналар жиналысында кіші топтарда «Баланың балабақшаға бейімделуі», ортаңғы топта «Сіз өз балаңызды білесіз ба?», ересек топта «Мектепке баруға дайынсыз ба?» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, ата-аналар балаларының жетістіктері туралы толық мағлұмат алып отырған. Психологиялық жұмыстың құжаттары бір жүйеге келтірілген, ұқыпты және талапқа сай жүргізілген.

Түзету мен дамыту жұмыстары

Педагог-логопед қызметінде Абдраманова Меруерт Есеновна , педагогикалық еңбек өтілі – 7 жыл, жоғары білімді. Педагог-дефектолог қызметінде Айтуова Маржан Искендировна, педагогикалық еңбек өтілі-7 жыл, жоғары білімді. Педагог – логопед пен педагог-дефектолог жұмыстары барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Педагог-логопед жұмысының негізгі **мақсаты**: Сөйлеу қабілетінде бұзылысы бар балалардың тілін түзету, дамыту және олардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері: Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық есту мен дыбыстық талдау қабілеттерін дамыту.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: «Сиқырлы пішіндер», «Көліктер жүреді», «Қай жануардың ізі?», «Түрлі түсті кемпірқосақ»

Педагог-дефектолог жұмысының негізгі **мақсаты**: Әр түрлі дәрежедегі дамуында өзгешеліктері бар балаларға коррекциялық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізілуінің бағыты мен оқытудың мазмұны туралы білімді қалыптастыру.

Міндеттер: Балаларға қимылды ойындар ойнату, түрлі жаттығулар жасату арқылы аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту.

Тыныс алу жаттығулары: Жапырақты ұшыр; Көбелекті ұшыр; Ұлпа қар; Қолымызды жылытайық.

Саусақ жаттығуын жүргізу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамытты.

Артикуляциялық жаттығу сөйлеу тілі аппаратының жұмысын жетілдірілді.

Мысалы: Ат шауып келеді, тәтті тосап, сылақшы, тіс тазалау, қоршау, құрт жаттығулары арқылы босаңсытылады. Жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерінге қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру арқылы.

Физикалық қасиеттерді дамыту: Жүгіруге арналған бұралмалы жүгіру жолы, «Толқында жүгіру» механикалық тренажеры, нейрокілемше, балансир тақтайшасы, АФК жаттығулар жиынтығы арқылы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: «Жұдырық тақтай, алақан», «Кірпіше», «Түсіне қарай орналастыр», «Кім жылдам,кім тапқыр?», «Түрлі-түсті шарлар», «Түстерді ажырату»

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру бойынша дамытушы орта ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен педагогикалық үрдісті ұйымдастыруды жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып, балаларға сапалы білім беру, жан – жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асыру барысында біздің балабақшамызда асықты пайдалана отырып дамытушы ойындарды қолданудамыз. Олар Ф.Фребель, М.Монтессори технологияларының элементтерін негізге ала отырып жасалынды.

Асықты пайдаланудың балабақшадағы балалардың дене, психологиялық және әлеуметтік дамуында орны ерекше, сонымен қатар оның көп функционалдық рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Келешекте мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартына, үлгілік бағдарламаға сай барлық білім дағдыларында асықты қолдану мүмкіндігіне жол ашып, оны түрлендірудің теориясы мен әдістемесін дайындау және тұжырымдамалық негіздеу мақсатын қойып отырмыз.

«Денсаулық» орталығында:

Асықты көптеп пайдалануға болады. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еттері қатайды, жұмысқа қабілеттілігі артады. Қимыл-қозғалыс координациясы артып, қол мен аяқтың бірлескен қимылы дамиды. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілеті дамып, психикалық процестердің дамуына әсерін тигізеді. Жалпақ табанның алдын алу және ең бастысы балалардың дұрыс жүру дене бітімі артады.

Аяқ, табан, бұлшық еттерін дамытуда май табанның алдын-алу мақсатында гимнастикалық асық жолақшасын күннің екінші жартысындағы шынықтыру шараларында қолданамыз.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының және әлем халықтарының ертегілері, қазіргі заманғы авторлардың шығармалары (әңгімелер, ертегілер, тақпақтар) әдебиеттер жинақталған.

Дамытушы ойындары, коллаж – түрлі суреттер, «Сиқырлы кітап», сүйікті ертегілерді сахналауға қажетті қалпақ, бетперделер, қуыршақтар театры, қолдан жасалған ойыншықтар театры, саусақ, қолғап, қасық, көлеңкелі театры, сахналау және режиссерлік ойындарға арналған құралдар жасалынған.

Таным дағдыларын қалыптастыру орталығында:

Асықты, Фребельдің ойыншықтарын пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің

зандылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. : «М.Монтессори технологиялары» элементтері бойынша цилиндр, «геометриялық сандықша» және тілдердегі сөздерді жіктеу және сөздік қорын молайту; қол бұлшық еттерін және ұсақ қол қимылдарын жетілдіру; бүдірлі әріптермен, сандар, жылжымалы әріптер дидактикалық материалдар жинақталған.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында:

Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалынған. Дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен жұмыстар жасау үшін қажетті құралдар, заттар, ресурстар мен материалдар жинақталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында:

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен оны қорғап, күте білуге дағдыландыру үшін табиғат бұрышы, еңбек бұрыштары жасақталған. Табиғат бұрышы әр түрлі гүлдермен, сондай-ақ, бау бақшадағы гүлдерге қонатын көбелектер, инеліктермен толықтырылған. Еңбек бұрышында су құйғыштар, топырақты қопсытқыштар, су шелектері жинақталған.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша 2023 – 2024 оқу жылы педагогтердің құрамын талдау:

Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген.

«Балдырған» бөбекжай – бақшасы МКҚК - да 12 педагог қызмет етеді.

Олардың ішінде: Меңгеруші – 1; әдіскер-1, педагог-психолог – 1;

Тәрбиешілер - 6; Педагог-логопед-1; Педагог-дефектолог-1;

Педагогтардың білім деңгейі

Педагогтар саны	Жоғары	Мектепке дейінгі арнайы кәсіби білім	Оның ішінде мектепке дейінгі	Мектепке дейінгі емес педагогтар
11	10	1	5	6
%	91%	9%	45%	55%

Педагогтардың біліктілігі

Педагогтар саны	Педагог-модератор	%	педагогтер	%
11	3	27%	8	73%

Педагогтардың жас ерекшелігінің құрамы

Барлық педагогтар	20-дан 30-ға дейін	30-дан 40-қа дейін	40-тан 50-ге дейін	50 жастан жоғары
11	1	4	3	3
%	9%	36%	27%	27%

Педагогтардың еңбек өтілі

№	Барлық	Педагогикалық өтілі
---	--------	---------------------

	педагогтар	3жылға дейін	3жылдан -5 жылға дейін	5жылдан -10 жылға дейін	10жылдан -20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2023-2024	11	1	0	3	4	3
Соңғы жылдың%		9%	%	27%	36%	27%

Жетістіктер саны

Жетістіктер	Құрмет грамотасы	Алғыс хат	Дипломдар	Мадақтамалар
Аудан		2		
Облыс		2		
Республика			6	4
Барлығы		4	6	4

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына қосымша бекітілген педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сай 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі бекітілген. Педагог-психолог Абдуллаева Гульназира Нағашбековна, педагог-логопед Абдраманова Меруерт Есеновна, тәрбиешілер Әділбекова Роза Өтегенқызы, Бижанова Жадыра Бейбітқызы, Еркінбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы педагог-модератор біліктілік санатына біріңғай ұлттық тесттен өтіп, электронды база бойынша портфолио жинақтары өтіп, 2024 жылдың тамыз айында «Педагог-модератор» біліктілік санаты берілді. Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Кадрлар тұрақсыздығы жоқ, көпшілігі балабақша ашылғаннан бастап жұмыс атқарады. Педагогикалық ұжым 12 педагогтен құралған, олардың барлығының педагогикалық білімі бар.

5) 2023-2024 оқу жылында балабақшада түзете-дамыту логопункті жұмыс жасады.

6) Консультативтік пункт жұмыс жасайды.

Биылғы оқу жылы бойынша екі ата-ана мен балалары тіркелген. Балалардың жасы 3-4 жастағылар. Арнайы жылдық жұмыс жоспары құрылған. Осы жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Мысалы:

7) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың оқыту нәтижелері:

«Балдырған» бөбекжай – бақшасында тәрбиеленетін балалардың жас ерекшелігі – 2 жас, 3-жас, 4 жас. Топтардағы балалардың үлестік салмағы жас ерекшеліктеріне сай. Балабақшада 3 топ, оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ересек топта 25 бала, ортаңғы топта 25 бала, кіші топта 15 баладан толықтырылған.

№	Топ атауы	Қай тілде тәрбиеленеді	2023-2024о/ж Балалардың саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	қазақ	15
2	«Балбөбек» ортаңғы тобы	қазақ	25
3	«Жұлдыз» ересек тобы	қазақ	25
Барлығы:			65

Тәрбиеленушілер саны	65	100%
қыздар	28	43
ұлдар	37	57

8) Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдыларын дамытуды кіріктіру арқылы 2023-2024 оқу жылында қамтамасыз етілді.

Білім беру процесі:

- Перспективалық жоспарға;
- апталық циклограммаға;
- мониторингке (бастапқы, аралық және қорытынды) «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес іске асырылды.

Перспективалық жоспар оқу жылына құрылды.

Педагог перспектива құрастыруда өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жастарына бағдар жасай отырып жасады. Топтардың жас ерекшелігіне қарай құрастырылған п ерспективалық жоспарлары Педагогикалық кеңесте қаралып,бекітілді.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға **циклограмма** құрылды, ол білім беру дағдыларымен («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») кіріктіріліп іске асырылды.

2023-2024 оқу жылында Көрме: Сюжетті –рөлдік ойындар арқылы балалардың ойын әрекетін педагогикалық сүйемелдеу мақсатында дидактикалық, дамытушы, қимыл-қозғалыс ойындар жинағын толықтырылды.

Педагог мамандардың білім көтеру көрсеткіші

Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы- мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Меңгеруші Бимырзаева Тансык Кабаковна- мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын басқару тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Тәрбиеші Байтуякова Гульдар Куатовна- мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытудағы арт-педагогикалық технологиялар тақырыбы бойынша курс (сертификат)

Психолог Абдуллаева Гульназира Нагашбековна- мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу тақырыбы бойынша курсы (сертификат);

Тәрбиеші Нұсқабаева Меруерт Тазабекқызы-Мектеп жасына дейінгі балаларда этномәдени құндылықтарды қалыптастыру бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту тақырыбы бойынша курс (сертификат)

Логопед Абдраманова Меруерт Есеновна- мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- «Жарқын болашақ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының сертификаты;

Дефектолог Айтуова Маржан Искендировна – мектепке дейінгі ұйымдарды инклюзивті оқыту тақырыбы бойынша онлайн курс (сертификат)

Тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы- «Түркістан ұстазы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының сертификаты

Тәрбиеші Әділбекова Роза Өтегенқызы- «Өрлеус БАҰО сертификаты;

Балабақшаның жетістіктері

Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы- мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы, үздіксіз ізденімпаздығы және жоғары нәтижелері үшін мадақтама;

Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы-білім беру жүйесі дамуының жаңа міндеттеріне сәйкес, цифрландыру заманындағы мұғалім тәжірибесіндегі интербелсенді әдістерін жетілдіру және білім берудің онлайн ресурстары бойынша ақпаратты кең таратып, ұстаздармыздың еңбегін еселеп, шығармашылық өре талғамын, білімділік қуатын бағамдауда кәсіби шеберлік танытқаны үшін мадақтама;

Әдіскер Татимова Орынкүл Бахтиярқызы- Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, интеллектуальды қабілетін дамыту мен келепр ұрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін алғыс хат;

Меңгеруші Бимырзаева Тансык Кабаковна- Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, интеллектуальды қабілетін дамыту мен келепр ұрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін алғыс хат;

Меңгеруші Бимырзаева Тансык Кабаковна- білім беру жүйесі дамуының жаңа міндеттеріне сәйкес, цифрландыру заманындағы мұғалім тәжірибесіндегі интербелсенді әдістерін жетілдіру және білім берудің онлайн

ресурстары бойынша ақпаратты кең таратып, ұстаздармыздың еңбегін еселеп, шығармашылық өре талғамын, білімділік қуатын бағамдауда кәсіби шеберлік танытқаны үшін мадақтама;

Тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы- «ZHARQYN BOLASHAQ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында оқу-әдістемелік материалын жариялағаны үшін сертификат;

Республикалық «BALA DARYN мәнерлеп оқу» онлайн байқауының жеңімпазы Бақытжан Даниял 2023 ж III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Бижанова Жадыра

Халықаралық Білім академиясының «1-наурыз-алғыс айту күніне» орай ұйымдастырылған балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Өндірісбек Адия марапатталды. 2024ж

Тіркеу номері №001699 Жетекшісі: Бижанова Жадыра

«Халықаралық Білім академиясы» ұйымдастырған республикалық «Сиқырлы қалам» атты балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Болатбай Ералы марапатталады. Тіркеу номері №001687 2024ж Жетекшісі: Бижанова Жадыра

«Халықаралық Білім академиясының» ақпан айында ұйымдастырған республикалық қашықтықтан балалар байқауына балалардың шығармашылық жұмыстарын ұсынып, белсенділік танытқаны үшін Бижанова Жадыра Бейбітқызы марапатталды Тіркеу номері №001325

Есенгелді Шахкерім тәрбиеленуші- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Балапан бояулар әлемі» байқауының I дәрежелі дипломы;

«Халықаралық Білім академиясының» ұйымдастырған наурыз айына арналған республикалық балалар байқауына балалардың жұмыстарын ұсынып, жетекшілік еткеніңіз үшін алғыс хатпен Бижанова Жадыра Бейбітқызы марапатталды

Тіркеу номері №002069

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу» онлайн байқауының жеңімпазы Өндіріс Шакен III-дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі Еркінбекова Гүлжамал .

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу!» онлайн байқауының жеңімпазы Бақытжан Даниял 2023ж III- дәрежелі дипломмен марапатталды , жетекшісі Бижанова Жадыра

«Халықаралық білім академиясы» ұйымдастырған «ҚЫСҚЫ ПЕЙЗАЖ» атты балалар байқауына сурет бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін

Жақсылықұлы Сакен , І- дәрежелі дипломмен марапатталды, жетекшісі Абдраманова Меруерт.

Астана қаласы «Дарын» республикалық білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық ««BALA DARYN мәнерлеп оқу! онлайн байқауының жеңімпазы Мырзахмет Жаһангер, жетекшісі Абдраманова Меруерт марапатталды.

Диплом 1-орын Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік және өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауына қатысып, жұмысы үздік деп танылғаны үшін Мұратәлі Дарын марапатталады.

Жетекшісі Абдуллаева Гүлназира Нағашбекқызы

Диплом 1-орын Республика педагогтарының ғылыми-әдістемелік және өнер-білім орталығының ұйымдастырған Республикалық «Алтын қазына» өнер байқауына қатысып, «Қолөнер» номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Бижігіт Қазына марапатталады.

Жетекшісі Абдуллаева Гүлназира Нағашбекқызы

Диплом 1-орын «Халықаралық Білім академиясы» ұйымдастырған республикалық 16-желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» атты балалар байқауына қолөнер бағыты бойынша қатысып, ерекшеленгені үшін Бердікүл Медина марапатталады. Жетекшісі Абдраманова Меруерт

Психолог Абдуллаева Гульназира Нағашбековна – білім беру жүйесінде, сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауда атқарған көп жылдық мүлтіксіз және белсенді еңбегі үшін құрмет грамотасы;

Татимова Орынкүл Бахтиярқызы-«Өрлеу» БАҰО мадақтамасы;

Бижанова Жадыра Бейбітқызы-«Өрлеу» БАҰО мадақтамасы;

Бижанова Жадыра Бейбітқызы- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналының дипломы;

Бижанова Жадыра Бейбітқызы- педагогикалық шеберлік журналының алғыс хаты;

Бижанова Жадыра Бейбітқызы- педагогикалық шеберлік журналының мадақтамасы;


Бижанова Жадыра Бейбітқызы- аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің мадақтамасы;

Бижанова Жадыра Бейбітқызы- Халықаралық білім академиямының алғыс хаты;


9) Балалардың түрлі жас кезеңдерінде даму деңгейін анықтау үшін мониторинг жүргізілді.

Оқу жылы бойы педагог үнемі бақылау арқылы баланың дамуын қадағалады. «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізілді.


Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	4	5	6	1	4	10	1	5	9	2	6	7	2	8	5
"Балбөбек" ортаңғы	25	2	11	12	2	11	12	2	9	14	2	10	13	2	9	14
"Жұлдыз" ересек	25	0	13	12	0	12	13	3	15	10	0	13	12	4	10	11
Барлығы	65	6	29	30	3	27	35	6	29	33	4	29	32	8	27	30
% Бастапқы	100	9	45	46	5	42	54	9	45	51	12	45	49	12	42	46



Жас топтары	Бала лар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	7	7	1	6	6	3	6	6	3	7	6	2	9	5	1
"Балбөбек" ортаңғы	25	14	11	0	9	12	4	12	10	3	11	9	5	9	10	6
"Жұлдыз" ересек	25	6	15	4	6	13	6	8	11	6	8	12	5	9	11	5
Барлығы	65	27	33	5	21	31	13	26	27	12	26	27	12	27	26	12
% Аралық	100	41	51	8	32	48	20	40	42	18	40	42	18	42	40	18



Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
"Еркемай" кіші	15	13	2	0	10	4	1	8	5	2	9	4	2	14	1	0
"Балбөбек" ортаңғы	25	17	8	0	13	8	4	15	6	4	15	7	3	15	6	4
"Жұлдыз" ересек	25	25	0	0	10	14	1	9	16	0	9	15	1	12	11	2
Барлығы	65	55	10	0	33	26	6	32	27	6	33	26	6	41	18	6
%Қорытынды	100	85	15	0	51	40	9	49	42	9	51	40	9	63	28	9



Мектепке дейінгі оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектеп алды даярлық тобына қабылданғанға дейін балалардың біліктіліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар бойынша мектепке дейінгі ересек тобының тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сауалнама жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ересек «Жұлдыз» тобында 25 бала тәрбиеленді. Барлық ата-аналардан сауалнама алынды.

1. Сіз баламен қарым-қатынасқа түсе білесіз бе?

Жауабы :

1. Әрқашан жасаймын, келісемін- 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін – 2 ұпай
3. Келіспеймін -1 ұпай

0-16 Бала тәрбиесі-сіз үшін үлкен мәселе. Бала тұлғасын қалыптастыру үшін педагог немесе психолог маандығына сүйеніңіз

17-30 балаға қамқорлық жасау-бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар.

Қорытынды

Берілген сұрақтарға 45 ата-ана жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша 15 ата-ана 0-16 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде , $15:25,100=60\%$ 10 ата-ана 17-30 балл алды нәтижесінде $10:25,100\ 40\%$

Тест нәтижесі бойынша: Жоғары: 60%

Орташа: 40%

Төмен: 0%

Ата-ана саны 25

№	Ұпай	Ата-ана	Пайыз көрсеткіші
1	0-16	15	60%
2	17-30	10	40 %
3		0	0 %
	Барлығы	25	

2.Балаңыз мектепке дайын ба?

Сұрақтарға «ия» немесе «жоқ» деп жауап берілді.

«ия» жауабына 1 балл

«жоқ» жауабына 0 балл беріледі

Тестілеудің нәтижесі сұрақты мақұлдау жауаптарының санынан белгілі.

14-17 балл- сіздің балаңыз мектепке дайын деуге болады. Сіз онымен уақытыңызды текке кетірмепсіз, егер мектепте қандай да бір қиындықтар кезіксе- ол тез шешілетін мәселе.

10-13 балл- сіз дұрыс жолдасыз, балаңыз көп нәрсені үйреніп қалды, ал сіздің ол сұрақтарға жауап бермеуіңіз- әлі де біраз тер төгу керек дегенді білдіреді.

9 және одан да төмен- балаңызға арнайы әдебиеттерді көп оқып беріңіз, оған уақытыңызды көбірек бөліңіз және балаңыздың нені істей алмайтынын біліп, соны алып кетуіне көмектесіңіз.

Берілген сұрақтарға 25 ата-ана жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша

7 ата-ана 14-17 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде $9:25,100= 36\%$

Қалған 17 ата-ана 10-13 балл аралығында $16:25,100=64\%$ ұпай жинады.

Тест нәтижесі бойынша : Жоғары: 64 %

Орташа: 36%

Төмен: Жоқ

Ия – 2 ұпай

Жоқ – 0 ұпай

Кейде – 1 ұпай

30-31 балл – Сіздің адамдармен қарым-қатынасыңыз өте төмен, бұл сіздің кемшілігіңіз. Бұдан сіз өзіңіз көп зардап шегесіз. Сізге жақын адамдарға жа өте қиын. Сізге топпен жұмыс істеу жағдайында сенім арту қиын. Өзіңізді өзіңіз бақылауға алыңыз, көпшіл болуға тырысыңыз

25-29 – Сіз тұйықсыз, әңгімешіл емессіз, өзіңіз жеке қалғнады ұнатасыз, сондықтан да сіздің достарыңыз аз. Жаңа жұмыс, жаңа қарым-қатынас сізді толықтырмаса да көп уақытқа дейін күйгелектену сезіміне ұшыратады. Сіз өз мінезіңіздің осы осал жағын білесіз де, өзіңізге-өзіңіз ренжисіз. Тек қана өзіңізге ренжумен шектелмеңз – бұл мінезді жеңу өз қолыңызда. Бір нәрсеге қатты берілгенде, сіз адамдармен толық қарым-қатынасқа түскен кезіңіз болды ғой. Тек қана сілкініңіз.

19-24- Сіз біршама дәрежеде қарым-қатынасқа бейімсіз, таныс емес ортада да өзіңізді еркін сезінесіз. Жаңа проблемалар сізді қорқытпайды . Сонда да жаңа адамдармен қарым-қатынасқа түскенде жалтақтап қарайсыз, диспуттарға көңілсіз қатысасыз. Ешқандай дәлел болмаса да сіздің айтқан пікірлеріңізде мысқыл көп. Бұл түзеуге келетін кемшілік.

14-18 – Сіздің қарым-қатынасыңыз дұрыс бағытта. Сіз білуге құмар адамсыз, пікірлескен адамыңызды ынтамен тыңдайсыз, өз ойыңызды қызбалықсыз қорғайсыз. Адамдармен кездесуге ешқандай ренішсіз барасыз, солай болса да шулы ортаны ұнатпайсыз. Өзгеше іс-әрекет немесе көп сөзділік сізде тітіркендіргіштік сезімін тудырады.

9-13 – Сіз қарым-қатынасқа өте бейім адамсыз, (тіпті кейде шамадан тыс) әуессіз, әңгімешілсіз, әртүрлі тақырыпта өз ойыңызды білдіргіңіз келіп тұрады, кейде айналаңыздағылар зығыр болатын кездер болады. Таныс емес адамдармен танысуға құмарсыз. Ылғи назарда болғанды қалайсыз, кейде орындай алмасаңыз да өтінішке ешқашан қарсылық жасамайсыз. Кейде қызбалыққа салынасыз, бірақ тез басыласыз. Маңызды мәселелерді шешуде сізге шыдамдылық, ерлік жетіспейді. Бірақ , ниетіңіз болса, сіз қолыңыздан бәрі келеді.

4-8 – Сіздің қарым-қатынасыңыз шектен шыққан. Сіз болған істің бәрін түгелдей білесіз. Маңызды мәселелер сіздің басыңызды ауыртып немесе сары уайымға салдырса да, сіз барлық пікірталасқа қатысқанды ұнатасыз. Өзіңз жақсы білмейтін мәселелер туралы да өз пікіріңізді айтасыз.

Дұрыс орындай алмайтын ісіңізді де, орындау үшін қолға аласыз. Осындай мінезіңізге байланысты басшыңыз, әріптестеріңіз сізге сенімсіздікпен қараайды. Ойланыңыз.

3 төмен – Сіздің қарым-қатынасыңыз ауруға ұласқан. Сіз көп сөйлейсіз, әңгімеңіз көп, қатысы жоқ әңгімеге де араласасыз. Өзіңізге жете таныс емес проблема туралы да бөз ойыңызды білдіресіз. Өзіңді қоршаған ортада ұрыс-талас тууына себепкер болып жүресіз. Ренжігішсіз. Ашушаңсыз кейде әділ емессіз. Маңызды мәселе сіз үшін емес. Жұмыста, үйде, т.б. жерлерде сізбен бірге болу өте қиын. Өзіңіздің мінезіңізбен күресіңіз. Біріншіден, шыдамдылық, ұстамдылық, мінез қалыптастырыңыз, адамдарға сыйлай қараңыз. Ақырында өзіңіздің денсаулығыңыз туралы ойланыңыз, мұндай іс-әрекет іссіз кетпейді.

Қорытынды

Берілген сұрақтарға 10 педагог жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша 5 педагог 14-18 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде $5:10,100=50\%$
1 педагог 18-21 балл алды нәтижесінде $1:10,100=10\%$
қалған 4 педагог $4:10,100=40\%$

Тест нәтижесі бойынша: Жоғары: 50%
Орташа: 40%
Төмен: 10%

№	Ұпай	Педагогтар	Пайыз көрсеткіші
1	30-31	0	0 %
2	25-29	0	0 %
3	19-24	1	10%
4	14-18	5	50 %
5	9-13	4	40 %
6	4-8	0	0 %
7	0-3	0	0%

10) Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтары жасақталады:

2023-2024 оқу жылында: «Еркем-ай» кіші тобында -15 бала,(2 жас)

«Балбөбек» ортаңғы тобында -25 бала, (3 жас) , «Жұлдыз» ересек тобында 25 бала(4 жас) қамтылған.

1) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2024-2025 оқу жылы

«Балдырған» бөбекжай - бақшасының оқу жұмыс жоспары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.«Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы негізінде , Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрықтарын негізге ала отырып талаптарына сай жасалды.

«Балдырған» бөбекжай – бақшасының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңес отырысында бекітіліп, жылдық жоспар жасалды.

«Балдырған» бөбекжай - бақшасында жас ерекшелігіне қарай 3 топ ұйымдастырылған, олар: 1-ересек, 1- ортаңғы топ және 1 - кіші топ. Кіші жас, ортаңғы жас, ересек жас топтарының ұйымдастырылған іс-әрекеті 5 (бес) білім беру дағдылары бойынша, барлық іс-әрекет күн сайын, дене шынықтыру аптасына 3 рет, қазақ тілі аптасына бір рет, музыка аптасына бір рет болып жасалынды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ересек және ортаңғы топқа вариативті компонент:

Тобы	Вариативті компонент тақырыптары
«Балбөбек» ортаңғы топ	«Ертегілер елінде»
«Жұлдыз» ересек топ	«Ертегілер елінде»

Ұсынылған бағдарламалардың күнтізбелік жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат талаптарын ескере отырып құрылған.

2) 2024-2025 оқу жылында балабақшада төмендегі негізгі мақсаттар мен міндеттермен балабақшаның жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру.

Міндеттері: Қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету.

Осы жылы алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруда алдын- ала жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар жасалынды.

Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес жоспарланған:

№1 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:« Үлгілік оқу бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру. Балабақшаның 2024 – 2025 оқу жылына дайындығы. Өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға аналитикалық талдау.

Өткізілу формасы: Семинар-практикум (Нұсқаушы).

№2 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінің деңгейін көтеруде жаңа технологиялардың рөлі.

Өткізілу түрі : Дөңгелек үстел (Тақырыптық)

№3 педагогикалық кеңес:

Тақырыбы:«Ел болашағы –бүгінгі жас ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру. Балабақшадағы тәрбиеленушілерің бірыңғай білім беру және тәрбие кеңістігін құру және жанұяда балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту сұрақтарына байланысты тәжірибе алмасу. Үштік одақтың бірлесу позициясының дамуы және құрылу үрдісін зерттеу

Өткізілу түрі: Қосымша баяндамасы бар баяндама (Тақырыптық)

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың тиімділігі»

Мақсаты: Бала зейінін ашу, ақыл ойын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу, есте сақтау қабілетін дамыту.

Өткізілу түрі: Іскерлік ойын (Тақырыптық)

№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Тақырыбы: «2024 - 2025 оқу жылына талдама жасау.

Қорытындылау.

Мақсаты: 2025 – 2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау»

Өткізілу түрі: Шығармашылық есеп (Қорытынды)

Оқу жылында 5 әдістемелік кеңес жоспарланған:

- 1.Тақырыбы:** Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі оқыту мен тәрбиелеу үрдісін реттеу. **Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел
- 2. Тақырыбы:** Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану **Өткізу түрі:** нұсқаулық-әдістемелік кеңес
- 3. Тақырыбы:** Педагогикалық қызмет барысында вариативті компонент жұмысының барысы туралы
Жүргізілу түрі: әдістемелік
- 4. Тақырыбы:** Жаңа технологияларды педагогикалық процесте тиімді пайдалану
Өткізілу түрі: дөңгелек үстел
- 5. Тақырыбы:** Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту. Критериалды көзқарас негізінде педагогтердің жұмысын ұйымдастыру, өзін – өзі бағалауы
Өткізу түрі: әдістемелік диалог

Оқу жылында 3 рет Психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі

- 1.Тақырыбы:** Балаларды ұйымға қабылдау және олардың дамуындағы проблемаларды анықтау.
- 2.Тақырыбы:** Жарты жылдықта бір реттен кем емес өткізу ұсынылады.
- 3.Тақырыбы:** Түзету жұмыстарының қорытындысы

Оқу жылында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы

- 1.Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»
- 2. Тақырыбы:** Бала-біздің болашағымыз

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: Қазіргі заман талабына сай «Супермаркет», «Сұлулық салоны», «Емхана» , «Шаштараз» орталықтары заманауи ойыншықтармен жабдықталған.

Шығармашылық орталығында керекті құралдар, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, музыкалық аспап ойыншықтары бар. «Монтессори» технологиясының элементтерін қолдану фетрден тігілген құралдар, балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибутар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдары жасалған.

Консультативтік пункт жұмысы:

- Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы
<https://www.instagram.com/p/DC4Neivohi5/?igsh=eXpndWk3eWszaTlx>
- Дыбыстарды айтуға арналған ойындар және олардың айырмашылығы
<https://www.instagram.com/reel/DFKBf0RI8Jm/?igsh=Y2lucXExdzMxNmM5>

Экологиялық тәрбие беру:

- «Біздің өлкенің ағаштары»
<https://www.instagram.com/p/C8MLH06Isn8/?igsh=MWdkenh3MzB1eWNzZw==>
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»
<https://www.instagram.com/p/DAm7gTpod8i/?igsh=MXhmbDZlbmVsY2F5NA==>

Қауіпсіздік мектебі:

«Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі»:

- «Денсаулығы баланың қуанышы ананың»
<https://www.instagram.com/reel/DCZUrlzMWE9/?igsh=bGlrcTN3YXE0OWRy>
- «Асық»
<https://www.instagram.com/p/DFKFlpxsD4h/?igsh=MWp2NTVwanJyYzIwcA==>
- «Тақия тастамақ»
<https://www.instagram.com/reel/DDte3StoCF2/?igsh=MXRtcWFqc2FxYms4dw==>
- «Ұлттық құндылық –ел қазынасы» ойлан тап
<https://www.instagram.com/reel/DBwYAF9IZh8/?igsh=NmJ0NWdhY3preTh1>
- Асық ату
<https://www.instagram.com/reel/DBvEqOBI2T7/?igsh=bDlINzZucTFoOGV4>
- «Шын жүректен кітап сыйла»
https://www.instagram.com/reel/C_20pnwIHW-/igsh=enI5cHF1NDRtZXlq

Мектеппен сабақтастық:

- Мектеп мұражайына экскурсия
<https://www.instagram.com/p/DD8qEFjoyDa/?igsh=Y2s3dXY2eXEyONBh>

1) кіші топта:

танымдық ойыншықтар, сенсорикаға арналған түрлі түсті мұнаралар, кубиктер, үлкен-кіші пирамидалар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, балалардың ұсақ моторикасын дамыту

мақсатында түймелеу, замоктар, кнопкалар жақтаулары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған пазлдар, мозайкалар, сюжеттік рольдік ойындар, еңбек орталығына арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, Фребель ойыншықтары, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар бар.

3) ересек топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған пазлдар, мозайкалар, сюжеттік рольдік ойындар, еңбек орталығына арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, Фребель ойыншықтары, көп функционалды ойыншықтар, ұлттық ойындар жинағы, ұлттық нақыштар бар.

«Денсаулық» физикалық қасиеттерін дамыту:

Денсаулық және Таным білім дағдыларын кіріктіре дене қозғалыстарының белсенділігін дамыту. Өз денсаулығына саналы қарауды, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуді қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиеттерін қалыптастыру.

Балалардың физиологиялық денсаулығы және тіршілік іс-қызметтерінің қауіпсіздік ережесін сақтау.

Әр тоқсанда спорттық мереке, айына бір рет сауықтыру-шынықтыру іс-шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтар болсақ:

- Денсаулық күні: «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің» сауықтыру-шынықтыру
- «Спорт-досың, серігің» эстафеталық жарыс
- «Спорт-денсаулық кепілі» эстафеталық жарыс
- «Мен спортты сүйемін» эстафеталық жарыс

Коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру:

Балалардың сөйлеу мәдениеттілігі қалыптасқан, грамматикалық сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде мәдени әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, сөздік қорына бай, тілдік құзіреттілікті меңгерген баланы тәрбиелеу.

Сөйлеуді дамытудың негізгі міндеті - тілдің дамытуы мәдениетті тәрбиелеу, сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамуға айтырып, баланы мектепке дайындау.

- «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың азығы» танымдық іс-әрекет
- «Үйшік» ертегісі сахналық қойылым
- «Менің Отаным Қазақстан» тақырыптық іс-әрекет
- «Кішкентай ақылды балапан» ертегісінің сахналық қойылым

Педагогтар осы жұмыстарды сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, ойын әрекетінде жүзеге асырып отыр. Балалар шығармашылықпен шағын әңгіме, ертегілер құрай білуді, өлең, тақпақтарды мәнерлеп айта алуды, ертегілерді сахналай білуді үйренді.

Көркемдік – эстетикалық тәрбие беру: Эстетикалық тәрбие барлық педагогикалық әрекет үрдісінде жүзеге асырылған. Балалардың эстетикалық талғамын дамыту және қауіпсіздік, жайлылық жағдайды ескере отырып, пәндік дамыту ортасы құрылған. Балабақшада музыкант қызмет атқарады. «Республикам менің» ертеңгілігі, «Алтын күз» ертеңгілігі, «Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілігі, «Аналар асыл жандар» ертеңгілігі, «Кел, Жаңа жыл» ертеңгілігі, «Достығымыз жарасқан» ертеңгілігі, «Ел тірегі сарбаздар» ертеңгілігі, «Қазақстан -Отаным менің» ертеңгілігі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы, «Ару бүлдіршін-2024» байқауы, «Бірлік бақыттың бастауы» ертеңгілігі, «Қош бол, балабақша» ертеңгілігі өтілді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңызды проблемаларды шешуде қолдануға қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Таным» дағдысын қалыптастыру бойынша: кіші топтағы балалардың сезім, ұсақ қол моторикасын дамыту бойынша дидактикалық ойындары және дамытушы ойындар арқылы қалыптасады, ортаңғы топта балаларға жаңа материал мен тәжірибе іс-әрекеті арқылы үйретеді. Ұйымдастырылған іс-әрекетте тәрбиешілер ресурстарды, дидактикалық, дамытушы ойындарын, М.Монтессори технологиясының элементтерін кеңінен қолданады. «Менің Отаным» тақырыбында танымдық, зерттеу іс-әрекет өтілді.

Балалардың табиғатты қорғау және экологиялық факторлар туралы, адамның табиғи ортаға әсері, қоршаған ортаға және денсаулықты сақтай білуге білімдерін бекіту және нақтылау мақсатында жүргізілген. Балабақшада еңбек тәрбиесі ересек жас тобынан бастап, күнделікті күн режимі барысында жүргізіліп отырылды. Балалар үлкендердің айтуымен еңбек етуге дағдыланған. Ересек топтан бастап балалар тәрбиешіге көмектеседі. Оқу – тәрбие жұмысында көрнекіліктерді таратуға, дастархан мәзірін жасау кезінде кезекшілер қызметін атқарады, тәрбиешілердің бақылауымен табиғат орталығында гүлдерді суғару, күтім жасауға қалыптасады.

Тәрбиелеу мен оқыту үрдісін дербестендіру, қамтамасыз етуге, тәрбиеленушілердің негізгі құзіреттілігін табысты қалыптастыруға, адамгершілік нормаларын меңгерту мақсатында бағдарламалардың барлық бөлімдеріне сәйкес қажетті әдістемелік, демонстрациялық, үлестірмелі материалдармен толықтырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барлығы көрнекі материалдар арқылы өткізіліп отырады. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет ересек тобында «Сәукеле», «Сәйкесін тап», «Аң патшасы арыстан», кіші топта «Құстарды тамақтандырамыз», «Бағдаршам көздерін дұрыс қою», «Бауырсақ» ертегісінің қуыршақ театры, «Кемпірқосақ», ортаңғы топта және іс – шараларға әдістемелік көмек көрсетіліп, бекітіліп өз мерзімінде өткізіліп отырды.

Балабақшаның ата-аналар комитеті белсенді жұмыс атқарады. Жылдық жоспарда жалпы және топтық ата-аналар жиналысы, сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен ертеңгіліктер, спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, спорттық сайыстар т.б. іс- шаралар жоспарланған. Ата-аналармен кеңестер, Фотостенд «Балабақшада біз не істейміз?», «Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар, Әкелер конференциясы, "Сөйлеп үйренемін"

практикалық кеңестер өткізіліп, « Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуі», «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» атты баяндама оқылды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалынған. Дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен жұмыстар жасау үшін қажетті құралдар, заттар, ресурстар мен материалдар жинақталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында:

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен оны қорғап, күте білуге дағдыландыру үшін табиғат бұрышы, еңбек бұрыштары жасақталған. Табиғат бұрышы әр түрлі гүлдермен, сондай-ақ, бау бақшадағы гүлдерге қонатын көбелектер, инеліктермен толықтырылған. Еңбек бұрышында су құйғыштар, топырақты қопсытқыштар, су шелектері жинақталған.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау үшін психологиялық қызмет ұйымдастырылған:

Педагог-психолог қызметінде Абдуллаева Гульназира Нагашбековна , педагогикалық еңбек өтілі – 10 жыл, жоғары білімді. Педагог – психолог жұмысы барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Жұмыстың негізгі **мақсаты**: Баланың психикасының дамуына қолайлы жағдай жасау. Даму деңгейін анықтау.

Міндеттері:

- 1.Білім беру үдерісіне қатысушылар: үштік одақ үшін психологиялық жайлы климат орнату;
- 2.Баланың интеллектуалдық, тұлғалық және психофизикалық мүмкіндіктерін меңгерту, баланың жеке ерекшеліктерін психологиялық қолдау.
3. Психологиялық талдау, проблеманы және оның туындау себебін анықтау, шешу жолын анықтау.
- 4.Тәрбиеленушілердің даму жолындағы қиындықтардың алдын алу.
- 5.Ата-ана мен педагогтарды педагогикалық және психологиялық қолдау

Негізгі 5 бағыты:

- 1) Дамыту және жетілдіру

Мақсаты: балаға үнемі жағдай жасау

- 2) Түзете дамытушылық

Мақсаты: Бала ерекшелігін ескере отырып, әдістеме құру

- 3) Психодиагностика

Мақсаты: Бала қабілетін анықтай отырып жұмыс жүргізу

- 4) Ақпараттық аналитикалық бағыт

Мақсаты: Талдау нәтижелері бойынша шешімдер мен ұсыныстарды әзірлеу. Талдаудың нәтижелері мен ұсыныстарын есеп, диаграмма немесе график түрінде ұсыну.

- 5) Кеңес беру

Мақсаты: Барлық педагог тәрбиешілерге және ата аналарға педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Жүргізу әдісі: әңгімелесу, сауалнама, зерттеу, тексеру, бақылау, кеңес беру, тренинг, іскерлік ойын, дөңгелек үстелдер.

Психопрофилактика,психоағарту, түзету-дамытушылық, балалардың мінез көрсеткіштеріне сәйкес жұмыстар:

Баланың балабақшаға бейімделуіне жағдай жасау: Көңіл күй, ұйықтау мерзімінің ұзақтығы, өз өзіне қызмет көрсету, тәбеті, ойынға деген белсенділігі, ата-анасынан бөлінуі, іс-қимыл тиімділігі, балалармен қарым-қатынасқа түсуі.

Жас ерекшелігін ескере отырып ойын іс-әрекетін ұйымдастыру. «Кім жылдам?», «Кел, ойнайық, балақай», «Жемістерді орналастыр» «Кедергіден өтеміз», «Нәзік гүлдер» тақырыптарында ересек тобына арналған іс – әрекеттер, «Қандай түсті асық?» сауалнама алынды. «Менің досым», «Допты себетке орналастыр», «Шар үрлейміз», «Ойыншықты сипаттап бер», «Кілемше» тақырыптарында ортаңғы топта іс-әрекеттер орындалды. «Ойыншықты сипатта», «Қандай жануар?», «Кім жылдам?» тақырыптарында кіші топқа ойын іс-әрекеттер орындалды.

Балалармен жұмысы, психодиагностикалық және ағарту түзету жұмыстарында талдау қорытынды есебі, сараптама жұмысы жүргізілген. Психолог өзінің жұмысында кең диагностикалық материалдарды пайдаланған, соның көмегімен, балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейі анықтаған.

Психолог жаңадан келген балалар туралы мәлімет жинақтап, оларға даму карта толтырып отырған.

Психологиялық қызметте диагностикалық материалдар кеңінен пайдаланылған, соның көмегімен балалардың жас шамасына сәйкес психикасының даму деңгейін анықталған.

Балалармен психологиялық диагностика жүргізілген. Балалардың қабылдауын, зейінін, қиялын, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, тілінің дамуын, басқалармен қарым-қатынасын анықтау жұмыстары жүргізілген.

Психологиялық диагностикалық жұмыс ата-аналар мен тәрбиешілердің сұранысы бойынша жүргізілген. Дамыту және жеке жұмыстар, балаларды зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Балаларды дамыту жұмысында эмоционалды ортасы, өздерінің ішкі сезімі және өзге адамдардың сезімдерін сезіне білуді үйретуде.

Жеке түзету жұмыстары:

Балалармен түзету жұмыстары жүйелі жүргізіліп, үнемі ересек тобында ерекше басымдық алады. Әсіресе кең өрісті танып білу мәселесін дамыту, мінез-құлқының қиыншылығы, баланың қабылдау қабілетіне байланысты. Балалармен жұмыс жүргізер алдында, ата-аналар мен педагогтардан сауалнама алынған. Жұмыстың мақсаты жайында ақпараттар алынған. Балалармен түзету ойындары, тақырыпты әңгімелесу, арт терапиясы, әдістемелік сурет, жұмсақ құралдармен, ермексаздармен, дәнді дақылдармен, асықтармен, музыкалық әуен арқылы жұмыс жүргізілді.

Педагогтармен жұмыс: Тәрбиешілермен жұмыс әр түрлі формада жеке жұмыс және кеңес беру, тренингтер жүргізді. «3 жастағы дағдарыс», «Баланы балабақшаға бейімдеу бойынша» кеңестер, «Жас келсе, іске», «Мен өмірді сүйемін», «Жанында жүр жақсы адам», «Менің ішкі әлемім» тақырыптарында тренингтер, «Өзіңді бақылай аласың ба?», «Өзгелер сізді қалай деп есептейді?», «Реан» тақырыптарында сауалнамалары, «В.Ф.Ряховский», «Асингер» тесті, «Баланың тілі қалай дамиды?» дөңгелек үстел жүргізілді.

Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен жұмыста балаларды тәрбиелеу жайында сұрақтар қаралған. Ең бастысы ата-аналарға балалар психологиясы

жайында кеңес беру, ақпараттар, олардың психологиялық, педагогикалық мәселелер туралы хабарлар берілген.

Ата-аналарға кеңес:

- «Бала өміріндегі ойынның маңыздылығы»
- «Әке- отбасы қорғаны» тренинг
- «Бала тілі дұрыс шығу үшін не істеу керек?»
- «Жанұя бақыты» тренинг
- «Балаға телефонның зиянын ұғындыру» жадынама
- «Баланы өзі киінуге қалай үйретуге болады?» жадынама
- «Балаларды қалай жақсы көру керек?» тренинг
- «Жақсы болса жүрек, орындалар тілек» тренинг
- «Балабақша және отбасы» дөңгелек үстел

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізгі ортасы ол отбасы болып табылады. Ата-аналарды балабақша өміріне қатыстыру жаңа заман жағдайында үйлесімді шешуді талап етеді. Сондықтан балабақшада ата-аналармен жұмысты келесі негізгі принциптерді ұстана отырып ұйымдастырылған:

Отбасының балабақша өміріне белсене араласуына жағдай тудыру (әр ата-анаға өз баласының қандай жағдайда өсіп жетіліп жатқаны туралы көріп білуі);

Бала тәрбиесінде педагог пен ата-ана арасындағы байланыс;

Баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты туындаған жалпы және жеке мәселелер бойынша диагностика жасау;

Балабақшада балаларға белсенділік орталықтары арқылы әр балаға қалаған ісін таңдауға өз ойларын ашық айтуға, ересектермен өзін еркін сезінуге жалпы ойлау қабілетін дамытуға, жасаған ісіне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар, топтық ата-аналар жиналысында кіші топтарда «Баланың балабақшаға бейімделуі», ортаңғы топта «Сіз өз балаңызды білесіз ба?», ересек топта «Мектепке баруға дайынсыз ба?» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, ата-аналар балаларының жетістіктері туралы толық мағлұмат алып отырған. Психологиялық жұмыстың құжаттары бір жүйеге келтірілген, ұқыпты және талапқа сай жүргізілген.

Түзету мен дамыту жұмыстары

Педагог-логопед қызметінде Абдраманова Меруерт Есеновна, педагогикалық еңбек өтілі – 8 жыл, жоғары білімді. Педагог-дефектолог Айтуова маржан Искендировна, педагогикалық өтілі-8 жыл, жоғары білімді. Педагог – логопед , педагог-дефектологтың жұмыстары барлық құқықтары және міндеттемелеріне сәйкес орналастырылған.

Педагог-логопед жұмысының негізгі **мақсаты**:Сөйлеу тілі кемістіктерін болдырмау, бұзылу себептерін анықтау, түрлі жолдармен түзету жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері мен тіл кемістіктерін зерттеу

Тыныс алу жаттығулары: Көбелекті ұшырамыз, Қолымызды жылытайық, Аэробол арқылы жүргізілді.

Логоритмика арқылы буындап сөйлеу қарастырылды.

Саусақ жаттығуын жүргізу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамытты.

Артикуляциялық жаттығу сөйлеу тілі аппаратының жұмысын жетілдірілді.
Мысалы: Шарбақ, Күрекше, Тіс тазалау, Тәтті тосап босаңсытылады. Жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерінге қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру арқылы.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: «Қошқар мүйіз», «Нүктелі оюлар»

Педагог-дефектолог жұмысының негізгі **мақсаты:** Балалардың дамуындағы өзгешеліктерді анықтап, түзету, дүниетанымдық деңгейін дамыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттер: Баланың дамуын диагностикалау және оның мүмкіндіктерін бағалау. Қажеттілігіне сәйкес оңалту және түзету жұмыстарының түрлерін қолдану. Оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу және баланың физикалық, психологиялық, интеллектуальды дамуындағы қиындықтарды жеңуге көмектесу.

Тыныс алу жаттығулары: Сабын көпіршіктері; Май шам үрлеу; Ұшақ.

Саусақ жаттығуын жүргізу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамытты.

Артикуляциялық жаттығу сөйлеу тілі аппаратының жұмысын жетілдірілді.

Мысалы: Өткеншек, көпір, қамыр илеу, тіс тазалау, қоршау, құрт жаттығулары арқылы босаңсытылады. Жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерінге қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру арқылы.

Физикалық қасиеттерді дамыту: «Жүгіртпе жол» тренажеры, «Толқында жүгіру» механикалық тренажеры, нейрокілемше, балансир тақтайшасы арқылы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: «Киіз үйдегі пішіндер», «Түрлі-түсті балықтар», «Кім жылдам?», «Бос орын».

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру бойынша дамытушы орта ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен педагогикалық үрдісті ұйымдастыруды жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып, балаларға сапалы білім беру, жан – жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асырып, онымен тәжірибе алмасу мақсатында балабақша атынан әлеуметтік желі ашылған. Ол жерде балабақшаның, топтардың жылдық жұмыс бойынша атқарылған жұмыстары орналастырылған.

- <https://www.instagram.com/baldyrganbalabaqshasy?igsh=N2hlbndyeWI0MnM3>

Оқу тәрбие жұмысы барысында біздің балабақшамызда қажетті заттар ретінде асықты, сондай-ақ қалдық заттарды мысалы: крышка, қаламдар, губкалар, қағаз қиындылары, петраларды, ленталарды, бір реттік стакандарды пайдалана отырып дамытушы ойындарды пайдалануда. Олар Ф.Фребель, М.Монтессори технологияларының элементтерін негізге ала отырып жасалынды.

Асықты және тағы да басқа заттарды пайдаланудың балабақшадағы балалардың дене, психологиялық және әлеуметтік дамуында орны ерекше,

сонымен қатар оның көп функционалдық рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Келешекте мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартына, үлгілік бағдарламаға сай барлық білім дағдыларында асықты қолдану мүмкіндігіне жол ашып, оны түрлендірудің теориясы мен әдістемесін дайындау және тұжырымдамалық негіздеу мақсатын қойып отырмыз.

«Денсаулық» орталығында:

Асықтан, дәнді дақылдардан, құмнан, моншақтардан, қышқалардан жасалған ойын құралдарын көптеп пайдалануда. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде асық, қышқа, қалам, губка, моншақтан жасалған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еттері қатайды, жұмыс жасауға қабілеттілігі артады. Қимыл-қозғалыс координациясы артып, қол мен аяқтың бірлескен қимылы дамиды. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілеті дамып, психикалық процестердің дамуына әсерін тигізеді. Жалпақ табанның алдын алу және ең бастысы балалардың дұрыс жүруі мен дене бітімінің дұрыс қалыптасуы артады.

Аяқ, табан, бұлшық еттерін дамытуда май табанның алдын-алу мақсатында гимнастикалық асық жолақшасын күннің екінші жартысындағы шынықтыру шараларында қолданамыз.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының және әлем халықтарының ертегілері, қазіргі заманғы авторлардың шығармалары (әңгімелер, ертегілер, тақпақтар) әдебиеттер жинақталған.

Дамытушы ойындары, коллаж, түрлі суреттер, «Сиқырлы кітап», сүйікті ертегілерді сахналауға қажетті қалпақ, бетперделер, қуыршақтар театры, қолдан жасалған ойыншықтар театры, саусақ, қолғап, қасық, көлеңкелі театры, сахналау және режиссерлік ойындарға арналған құралдар жасалынған.

Таным дағдыларын қалыптастыру орталығында:

Асықты, Фребельдің ойыншықтарын, қолдан ламинатталып жасалған сапалы үлестірмелі материалдарды пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. «М.Монтессори технологиялары» элементері бойынша цилиндр, «геометриялық сандықша» және тілдердегі сөздерді жіктеу және сөздік қорын молайту; қол бұлшық еттерін және ұсақ қол қимылдарын жетілдіру; сандар, дидактикалық материалдар жинақталған.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында:

Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалынған. Дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен жұмыстар жасау үшін қажетті құралдар, заттар, ресурстар мен материалдар жинақталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында:

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен оны қорғап, күте білуге дағдыландыру үшін табиғат бұрышы, еңбек бұрыштары жасақталған. Табиғат бұрышы әр түрлі гүлдермен, сондай-ақ, бау бақшадағы гүлдерге қонатын көбелектер, инеліктердің муляждарымен толықтырылған. Еңбек

бұрышында су құйғыштар, топырақты қопсытқыштар, су шелектері жинақталған.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құрылған:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- демалыс орны;
- кітап бұрышы;
- құрастыру ;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;

Ұлттық құндылықтар орталығы:

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін қабырға бұрыштары, ұлттық бұрыштарда сандық, күбі, келі мен келсап, дөңгелеу үстел, кесе қап, торсық, домбыра мен қобыз, түскиіз мен сырмақ, оюлы көрпешелермен, ер тоқым мен қамшы, бесікпен толықтырылған. Ұлттық бұрышындағы оюлылы көрпешелеріміз, әр баланың жеке басына арналған оюлы төсеніштерді балабақшамыздың жанынан құрылған «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарының ықпалдастығымен толықтырылды.

Табиғат және ғылыми орталығы :

Бөлімдер бойынша материалдар: құм және су, магнит, қағаз, шыны, көмекші құралдар: үлкейткіш шыны, құм сағат, микроскоп, түрлі пішінді және көлемді ыдыстар, өлшеуші қасық, сүзгі мен су құйғыш, мұз салғыш қалып, резеңке қолғаптар, пластикалық немесе коктейл ішетін түтікшелер, көпірткіш, араластыруға арналған ағаш қалақшалар, йогурт, қаймақтардан босаған түрлі-түсті стакандар және жайпақ табақшалар, лупалар, алжапқыштар, щетка, қалақ, шүберек, табиғи материалдар жинақталған. Жасанды және бөлме өсімдіктері, мерзімді өсімдік түрлері, еңбек жасайтын құралдар, бақылау күнтізбесі, жыл мезгілінің картотекаларымен қамтылған.

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы:

1. Дәрігер – қызыл белгісі бар қалпақ, халат, қажетті құралдар.
2. Шаштараз – халат, тарақтар, қайшылар, ойыншық фен, сусабын, иіссу, сабын, сүлгі.
3. Аспазшы – қалпақ пен алжапқыш, ыдыстар, тағамдар, ас пісіретін ойыншық пештер, мұздатқыштар.
- басқару құралы.
5. Құрылысшы – бас киімі, құрал-сайманы.

Балалардың жас еркешелігіне сай топтарда ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтар, киіз үй жиынтығы, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, көкөністер мен жемістер муляждары орналастырылған.

Шығармашылық орталығы:

Боямақ, тақтайшалар, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, музыкалық аспап ойыншықтары бар. Фетрден тігілген құралдар, балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар,

жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдары жасалған.

Демалыс орны:

Балалардың оңаша ойнауына арналған бұрыш жасақталған. Ол жерде балалар жеке дара түсті суретті кітаптар қарауға, дербес ойын іс-әрекетін өткізуге арналған. Демалыс орнымыз жұмсақ оюлы көрпешемен, ұлттық ою-өрнектермен безендіріліп жасақталған.

Кітап бұрышы:

Балалардың оңаша ойнауына арналған демалыс орнына жақын орналастырылған.

Құрастыру:

Ағаш, пластмасса бөлшектері бар конструкторлармен, ірі және ұсақ құрылыс материалдарымен жасақталған.

Театрландырылған ойындар бұрышы:

Қуыршақ театры сахнасы, ертегілерді сахналауға қажетті қалпақ, бетперделер, қуыршақтар театры, қолдан жасалған ойыншықтар театры, саусақ, қолғап, қасық, көлеңке театры, атрибуттар, кейіпкер костюмдері жинақталған.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша 2024 – 2025 оқу жылы педагогтердің құрамын талдау:

Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген.

«Балдырған» бөбекжай – бақшасы МКҚК - да 11 педагог қызмет етеді.

Олардың ішінде: Меңгеруші – 1; әдіскер-1, педагог-психолог – 1;

Тәрбиешілер - 6; Педагог-логопед-1; Педагог-дефектолог-1; саз жетекші-1

Педагогтардың білім деңгейі

Педагогтар саны	Жоғары	Мектепке дейінгі арнайы кәсіби білім	Оның ішінде мектепке дейінгі	Мектепке дейінгі емес педагогтар
12	11	1	8	4
%	92%	8%	67%	33%

Педагогтардың біліктілігі

Педагогтар саны	Педагог-модератор	%	педагогтер	%
12	7	58%	5	42%

Педагогтардың жас ерекшелігінің құрамы

Барлық педагогтар	20-дан 30-ға дейін	30-дан 40-қа дейін	40-тан 50-ге дейін	50 жастан жоғары
12	2	4	2	4
%	17%	33%	17%	33%

Педагогтардың еңбек өтілі

№	Барлық педагогтар	Педагогикалық өтілі				
		3жылға дейін	3жылдан -5 жылға дейін	5жылдан -10 жылға дейін	10жылдан -20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2024-2025	12	2	0	3	3	4
Соңғы жылдың%		17%	%	25%	25%	33%

Жетістіктер саны

Жетістіктер	Құрмет грамотасы	Алғыс хат	Дипломдар	Мадақтамалар
Аудан				
Облыс				
Республика	2	2	10	
Барлығы	2	2	10	

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына қосымша бекітілген педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сай 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі бекітілген. Меңгеруші Бимырзаева Тансык Кабаковна. Балабақша педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Кадрлар тұрақсыздығы жоқ, көпшілігі балабақша ашылғаннан бастап жұмыс атқарады. Педагогикалық ұжым 11 педагогтен құралған, олардың барлығының педагогикалық білімі бар.

5) 2024-2025 оқу жылында балабақшада түзете-дамыту логопункті жұмыс жасайды.

6) Консультативтік пункт жұмыс жасайды.

Биылғы оқу жылы бойынша үш ата-ана мен балалары тіркелген. Балалардың жасы 4 жаста. Арнайы жылдық жұмыс жоспары құрылған. Осы

7)Баланаң даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың оқыту нәтижелері:

«Балдырған» бөбекжай – бақшасында тәрбиеленетін балалардың жас ерекшелігі – 2 жас, 3-жас, 4 жас. Топтардағы балалардың үлестік салмағы жас ерекшеліктеріне сай. Балабақшада 3 топ, оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ересек топта 25 бала, ортаңғы топта 25 бала, кіші топта 15 баладан толықтырылған.

№	Топ атауы	Қай тілде тәрбиеленеді	2024-2025о/ж Балалардың саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	қазақ	15
2	«Балбөбек» ортаңғы тобы	қазақ	25
3	«Жұлдыз» ересек тобы	қазақ	25
Барлығы:			65

Тәрбиеленушілер саны	65	100%
қыздар	27	41
ұлдар	38	59

Педагогтердің білім көрсету көрсеткіші

№	Педагогтің аты - жөні	Уақыты	Дәрежесі	Мазмұны
1	Бижанова Жадыра Бейбітқызы	2024 жыл	Сертификат	«Білікті педагог-заман қажеттілігі « атты біліктілікті арттыруға арналған семинар-тренингке қатысқаны үшін

Балабақшаның жеткен жетістіктері

№	Жетістік иесінің аты -жөні	Уақыты	Дәрежесі	Мазмұны
1	Нұрлан Нұрсезім Нартайқызы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	I дәрежелі диплом	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіпжүлделі орын алғаны үшін
2	Нағызбек Балауса Ардаққызы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	I дәрежелі диплом	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіпжүлделі орын алғаны үшін
3	Пірімжан Айару Мұхтарқызы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	I дәрежелі диплом	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіпжүлделі орын алғаны үшін
4	Болатбай Ералы Саматұлы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	I дәрежелі диплом	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып,

				шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіпжүлделі орын алғаны үшін
5	Мүзәпбар Асылым Дінмұхамедқызы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	I дәрежелі диплом	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіпжүлделі орын алғаны үшін
6	Бижанова Жадыра Бейбітқызы (Тәрбиеші)	Қазан айы 2024	Алғыс хат	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты республикалық өз шәкірттерін дайындап шығармашылық қабілеттерін жоғары деңгейде көрсете білгені үшін
7	Бижанова Жадыра Бейбітқызы (Тәрбиеші)	Қазан айы 2024	Құрмет грамотасы	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін
8	Бекалы Елнұр Елжасұлы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	Сертификат	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты байқауына қатысқаны үшін
9	Болатбай Ералы Саматұлы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	Сертификат	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты байқауына қатысқаны үшін
10	Бердікүл Медина Елдосқызы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	Диплом Бас жүлде	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіп бас жүлде алғаны үшін
11	Марат Абдурахман Ильясұлы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	Сертификат	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты байқауына қатысқаны үшін
12	Бердікүл Маді Елдосұлы (Тәрбиеленуші)	Қазан айы 2024	Диплом Бас жүлде	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастырған балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға арналған «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіп бас жүлде алғаны үшін
13	Айтуова Маржан Искендировна (Дефектолог)	Қазан айы 2024	Алғыс хат	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты республикалық өз шәкірттерін дайындап

				шығармашылық қабілеттерін жоғары деңгейде көрсете білгені үшін
14	Айтуова Маржан Искендеровна (Дефектолог)	Қазан айы 2024	Құрмет грамотасы	Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға бағытталған «Zeyindi_bala» балалар журналы ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін
15	Берік Еңлік (тәрбиеленуші)	2024 жыл	1 дәрежелі диплом	«Бала дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыру мен балабақша және мектеп оқушылары арасында сурет салудан өткен «Табиғатты аялайық» атты республикалық байқауында жеңімпаз болғаны үшін
16	Бижанова Жадыра Бейбітқызы (тәрбиеші)	2024 жыл	Алғыс хат	«Бала дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыру мен балабақша және мектеп оқушылары арасында сурет салудан өткен «Табиғатты аялайық» атты республикалық байқауына шәкірт дайындағаны үшін

8) Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік эмоционалды» дағдыларын дамытуды кіріктіру арқылы 2024-2025 оқу жылында қамтамасыз етілді.

Білім беру процесі:

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспар оқу жылына құрастырылады. Педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді .

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырады.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог

Перспективалық жоспарға сәйкес апталық циклограмма құрастырды.

Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылды, ол балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған іс-әрекетті, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басынан бастап соңына дейін алдын-ала жоспарланған ойын түрінде өткізілуде.

Ойын барысында педагогтер балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретеді, сондай-ақ өмірлік маңызды дағдыларды дамытады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылды. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын жоспарлайды.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға циклограмма күн тәртібіне сәйкес жасалды, ол білім беру дағдылары («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») кіріктіріліп, іске асырылды.


9) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг):

Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектепжасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет - оқу жылының басында, ортасында және соңында: бастапқы - қыркүйек; аралық - қаңтар; қорытынды-мамыр. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілді. Аралық бақылау биыл желтоқсан айында жүргізілді, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Қорытынды бақылау мамыр айында өткізіледі. Үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып, бес білім беру дағдыларын ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін толыққанды дамуы анықталады. Содан кейін топтар бойынша жиынтық есеп жасалады.


2024 – 2025 оқу жылында қазіргі таңда мониторинг нәтижелерін алуда тәрбиеленушілерден бастапқы – қыркүйек және аралық - қаңтар біліктері мен дағдыларының тізбесі толыққанды дамуының нәтижесі жасалды.

Жас топтары	Баланы	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей
«Еркем-ай» кіші	15	0	8	7	0	5	10	0	5	10	0	6	9	0	7	8

топ																
«Балбөбек» ортаңғы топ	25	9	10	6	6	11	8	1	9	15	4	9	12	2	12	11
«Жұлдыз» ересек топ	25	6	12	7	3	16	6	4	14	7	4	14	7	4	14	7
Барлығы	65	15	30	20	9	32	24	5	28	32	8	29	28	6	33	26
%Бастапқы	100	23	46	31	14	49	37	8	43	49	12	45	43	9	51	40



Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және яткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		жоғары деңгей	орта ша деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орта ша деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орта ша деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орта ша деңгей	төмен деңгей	жоғары деңгей	орта ша деңгей	төмен деңгей
"Еркем-ай" кіші	15	6	8	1	6	7	2	6	7	2	7	6	2	7	6	2
"Балбөбек" ортаңғы	25	15	9	1	11	12	2	8	14	3	13	11	1	16	8	1
"Жұлдыз" ересек	25	8	12	5	5	15	5	5	14	6	5	14	6	5	15	5
Барлығы	65	29	29	7	22	34	9	19	35	11	25	31	9	28	29	8
% Аралық	100	45	44	11	34	52	14	29	54	17	38	48	14	43	45	12



1.Қарым-қатынас деңгейін анықтайтын тест

В.Ф.Ряховский

Жауабы:

Ия – 2 ұпай

Жоқ – 0 ұпай

Кейде – 1 ұпай

№	Ұпай	Педагогтар	Пайыз көрсеткіші
1	30-31	0	0 %
2	25-29	0	0 %
3	19-24	1	11,1 %
4	14-18	4	44,4%
5	9-13	2	22,2%
6	4-8	2	22,2%
7	0-3	0	0%

Асингер тесті (қарым-қатынастағы агрессия деңгейін анықтау

Нәтижелері:

45 және одан жоғары ұпай: сіз шамадан тыс агрессиялысыз, сонымен қатар тұрақсызсыз, басқаларға қатыгездеусіз. Сіз өз әдістеріңізге сеніп басқару «шыңына» шығып, басқалардың мүддесін құрбан ете отырып, жетуге тырысасыз. Сондықтан, сіздің қызметтеріңіздің жактырмаушылығы сізді таңқалдырмайды, бірақ сәл мүмкіндік туса сіз оларды, жазалау мүмкіндік жібермейсіз.

36-44 ұпай: Сіз мөлшерлі түрде агрессиялысыз, бірақ өмір жолында сәтті жүрсіз, себебі, шыншылдық пен өзіңізге сеніміңіз мол.

35 және одан аз: Сіз өз күшіңізбен, мүмкіндіктеріңізге жеткілікті сенбейсіз, достықты сүйесіз. Бірақ бұл сізді кез-келгеннің артынан жүгіреді деп айтуға жол бермейді. Өз бетіңізше кішкене шешім қабылдауда батылырақ болыңыз.

Берілген сұрақтарға 10 педагог жауап берді. Жауап нәтижесі бойынша

8 педагог 36-45 балл аралығында ұпай алды нәтижесінде $9:10 \cdot 100 = 90\%$
 Қалған 1 педагог 35 және одан төмен балл алды нәтижесінде $1:10 \cdot 100 = 10\%$
 Тест нәтижесі бойынша: Жоғары: 90%
 Орташа: 10%
 Төмен: Жоқ

Қорытынды

№	Ұпай	Ата-ана	Пайыз көрсеткіші
1	45-60	0	0%
2	36-44	9	90 %
3	35 және одан аз	1	10 %
	Барлығы		100

10). Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтары жасақталады:

2024-2025 оқу жылында: «Еркем-ай» кіші тобында -15 бала,(2 жас)

«Балбөбек» ортаңғы тобында -25 бала, (3 жас) , «Жұлдыз» ересек тобында 25 бала(4 жас) қамтылған.